



Айна ШОРМАНБАЕВА, «Халықаралық құқықтық бастама» қоғамдық қорының президенті:

# «АДАМДЫ ӨМІР СҮРУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ – ҮЛКЕН ҚЫЛМЫС»

5-бет

# ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№11 (3439) 8 ақпан 2022



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ҚЫСҚЫ СПОРТ ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ҒАНА КЕРЕК ПЕ?




Қазір бүкіл елдің назары Қытайда өтіп жатқан XXIV қысқы Олимпиада ойындарына ауып отыр. Спортшысы жеңіске жеткен мемлекеттің әнұраны ойнап, туы көтерілетін болғандықтан барлық ел оған үлкен жауапкершілікпен қарауда. Дайындықтарын әрбір олимпиадалық кезең арасында талқылап, кем-кетігін түзеп, өз көрсеткішін жақсарту үшін Ұлттық олимпиадалық комитеттері Үкіметпен тығыз байланыс орнатып, қоян-қолтық араласып жұмыс жасайды.

(Жалғасы 3-бетте)



ӘКІМШІЛІК ТАЛАП ҚОЮ ТҮРЛЕРІ ҚАНДАЙ?

4-бет



БЕЙКҮНӨ

8-бет

ПАРЛАМЕНТ

## ЕЛДІК МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАПСА ИГІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар ел Президентінің Ұлттық банк төрағалығына Ғалымжан Пірматовты тағайындауына келісім берді. Отырыс барысында сенаторлар «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарап, қабылдады. Бұл құжат Парламент депутаттарының бастамасымен дайындалған еді.

Заң жобасы халықаралық шарттарға қатысты заңнамадағы олқылықтар мен нормалардың қайшылығын жоюға мүмкіндік береді. Бұл жөнінде Мәулен Әшімбаев мырза «Қабылданған заң халықаралық шарттарды жасасу тәртібінің жекелеген ережелерін нақтылайды. Сондай-ақ, халықаралық шарттарды жасасу аясында тиісті рәсімдерді жетілдіруді көздейді», – деп атап өтіп, осындай құжаттың дайындалуына түрткі болып, жүзеге асырған әріптестеріне алғыс білдірді.

Отырыста бірқатар сенатор елдегі және аймақтардағы өзекті мәселелерді көтеріп, Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа депутаттық

сауал жолдады. Соның бірі халықтың бас ауруына айналған азық-түлік қауіпсіздігіне арналды.

### ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІЛІКТЕН ҚАШАН АРЫЛАМЫЗ?

Жиында бұл мәселеге сенатор Бауыржан Қаниев назар аударғаны. Ол импорттық өнімге тәуелділік – елдің азық-түлік қауіпсіздігіне төнген қауіп екендігін мәлімдеді. Бұл ретте ол қазір елге сүт өнімдерінің 23 пайызының, құс етінің 38 пайызының, шұжық өнімдерінің 44 пайызының импортталатынын ортаға салды. Бұл жағдайдан шығу үшін

тамақ өнімдері өндірісін дамытуды қамтамасыз ету, экспорт пен импорттың теңгерімді құрылымын сақтаумен қатар азық-түлікпен қамтамасыз етуді тұрақтандыру үшін резервтік қорлар құру қажет деген ұсыныс жасады. Өз сөзін «Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік астық ресурстарын және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін қалыптастыру, сақтау және пайдалану мәселелерін заңнамалық тұрғыдан бекітуді ұсынамыз. Сондай-ақ, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаны белгілеу және сауда үстемелерін 15 пайыздан 10 пайызға дейін төмендетуді және елде өндірілмейтін немесе сыртқы нарықтарда аз мөлшерде өндірілетін өнімдерді сатып алу тетігін енгізу қажет» деп түйді.

Оның әріптесі сенатор Әбдіәлі Нұрәлиев Үкімет басшысына азық-түліктің молшылығы мен қауіпсіздігі мәселесін шешу үшін шағын шаруашылықтарға мемлекеттік қолдауды күшейтудің маңыздылығы жөнінде сауал жолдады.

(Соңы 3-бетте)

МІНБЕР

## ОТБАСЫНЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ ОРЫНДА

ОТБАСЫ – АЛТЫН ҚАЗЫҚ. АДАМ ЖЫЛЫЛЫҚТЫ ДА, МЕЙІРІМДІЛІК ПЕН ТӘРБИЕНІ ДЕ ОТБАСЫНАН АЛАДЫ. ОТАНЫМЫЗДАҒЫ ТЫНЫШТЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ – ОТБАСЫ. СОНДЫҚТАН, ӘР ЖАНУЯНЫҢ ЖАРАСЫМДЫ ТІРЛІК КЕШУІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ, ҚАМҚОРЛЫҚ ТАНЫТУ МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ ПАРЫЗЫ.

Зайырлы мемлекет құрып, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың барлық тетігі жасалғанымен, отбасындағы зорлық-зомбылыққа толық тосқауыл қойылды деп айта алмаймыз.

(Соңы 2-бетте)



ТАҒАЙЫНДАУ

МІНБЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

# ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ АЛҚА ТӨРАҒАЛАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 31 қаңтардағы Жарлығына сәйкес Нұрсерік Шәріпов Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы болып тағайындалды.



Нұрсерік Кәрімұлы Шәріпов 1965 жылы Павлодар облысында дүниеге келген. С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіргеннен кейін әкімшілік құқық кафедрасының ассистенті болып қызмет атқарды.

1992 жылы ҚР Президенті аппаратының азаматтық және рақымшылық жөніндегі бөлімінің аға референті, 1995 жылы Алматы қаласы Фрунзе ауданының халық сотының судьясы болып сайланды.

1996–2007 жылдары Алматы қаласы Медеу аудандық сотының судьясы, 2007 жылы Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы қызметін абыроймен атқарды. Бұдан кейін Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы, Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасының төрағасы болды.

2012–2017 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы болған Нұрсерік Кәрімұлының еңбек жолы ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшылығынан кейін, Қарағанды облыстық сотының төрағасы қызметіне жалғасты. 2021 жылдың желтоқсанынан бастап ҚР Жоғарғы Сотының судьясы болды.

Қызметтегі үздік нәтиже, үлгілі істерінің арқасында «Ерен еңбегі үшін», «Мінсіз қызметі үшін», «Құрмет» ордені мен және тағы басқа мерекелік медальдармен марапатталған.

Үлкен тәжірибе мектебінен өткен Нұрсерік Кәрімұлының Жоғарғы Соттың азаматтық алқасын абыроймен басқаратыны күмәнсіз.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 31 қаңтардағы Жарлығына сәйкес Аслан Тукиев Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы болып тағайындалды.



Аслан Сұлтанұлы Тукиев 1979 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. 2000 жылы Қарағанды Заң институтын бітіргеннен кейін Түркияда, Германияда, Франция мен Латвияда ғылыми тағылымдамадан өткен. Заң ғылымдарының кандидаты, доцент.

Алғашқы еңбек жолын Қарағанды қаласының ІІБ полициясының учаскелік инспекторы және тергеушісі болып бастаған Аслан Сұлтанұлы одан кейін ҚР ІІМ Қарағанды Заң институтының қылмыстық процесс кафедрасының оқытушысы, Қарағанды Академиясының зерттеу орталығының басшысы болып қызмет атқарды.

2012 жылы ҚР Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы директорының орынбасары, Әділет министрлігі заңнама департаментінің директоры; «Қазақстан құрылысшылары қауымдастығы» ЗТБ атқарушы директоры; Заңнама институтының директоры қызметін мінсіз атқарды.

2019 жылы Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары болған А.Тукиев 2020 жылдан бастап осы тағайындауға дейін ҚР Жоғарғы Сотының судьясы болды.

Аслан Сұлтанұлы ғылым саласында да үлкен ізденістер жасады. Отыздан астам заң жобасын әзірлеуге, сондай-ақ ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын сараптауға қатысты. Саладағы нәтижелі жұмысына орай «Мінсіз қызметі үшін» және бірқатар мерекелік медальдармен марапатталған Аслан Сұлтанұлының жаңа қызметті де жоғары деңгейде атқарарына сенім мол.

Жоғарғы Соттың алқа төрағаларына сәттілік тілейміз!

Редакция ұжымы

КЕСЕЛ

## ЕСІРТКІ ЕСІНДІ АЛМАСЫН!

**Адамзат қанша уақыт үздіксіз күресіп келе жатқан кеселдің бірі – апиин, анаша, есірткі немесе есірткі тектес заттар. Бұл біреуге – қару, біреуге – ауру, біреуге – көсіп. Есірткі адамның есін алады. Бұған байланысты заңда да жаза нақты жазылған.**

Республикамыздың әр аймағында есірткіге қатысты күніне бірнеше оқиға тіркеліп жатады. Қылмыс түрі сан-алуан. Адамнан айла артылар емес. Бірақ түптің түбінде есірткіге байланысты қылмысы үшін жазасыз қалмайтынын көпшілігі түсіне бермейді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 420-423-баптары есірткі

заттарына қатысты. Бұл баптар бойынша заңда әртүрлі айыппұл салынады.

Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестермен заңсыз іс-әрекеттер жасағаны үшін Қылмыстық кодекстің «Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауында 7 бап бар. ҚК-тің 297, 298, 299-баптарында көзделген қылмыстық іс жасаса – азаматтардың мүлкі тәркіленіп, 15 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру не өмір бойы бас бостандығынан айыру жазалары қарастырылған. Бұл ретте жасөспірімдердің өмірін нашарлықтан арашалау мәселесін де ұмытпаған дұрыс. Ең бастысы – жастарды жақсы әдеттерге баулып, жаман

нәрселерден бойларын аулақ ұстауды ескертіп отырған жөн. Есірткіге тәуелділіктің соңы қылмысқа апаратынын бала жастан түсіндіру маңызды.

Кейбіреулер есірткінің көмегімен проблемадан, кобалжудан, кәдімгі өмір қиыншылықтарынан құтылып, ойын басқа жакка бөлуге тырысады. Өкінішке қарай, адам есірткіні қабылдау арқылы мәселесін жеңілдетпегендігі. Адамның ұзақ, мәнді де сәнді өмір сүруінің негізі – денсаулығы екенін естен шығармаған абзал. Сол себепті, ішімдік, есірткіден аулақ болған жөн.

**І.ІРГЕБАЕВ,**  
Жаңақала аудандық сотының судьясы  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

## ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРҒА ШАҒЫМ НЕГЕ КӨП?

**Маңғыстау облыстық сотының ұйымдастыруымен «Атқарушылық іс жүргізу барысында туындайтын өзекті мәселелер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оған судьялар мен прокурорлар, құқық қорғау органдарының басшылары мен сот орындаушылары қатысты.**

Жиынның модераторы Маңғыстау облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Исатай Смагов кіріспе сөзінде әкімшілік соттар құрылғалы бері азаматтар тарапынан жеке және мемлекеттік сот орындаушыларының әрекеттеріне не әрекетсіздігіне шағымданушылар саны да, сотта қаралған істер де көп екенін атап айтты. «Өткен жылдың соңғы алты айында әкімшілік сотқа барлығы 348 әкімшілік іс түссе, оның үштен бірі, яғни 111-і сот орындаушыларға қатысты болған. Сотқа келген азаматтар сот орындаушыларының аумақтық палатасына емес, бірден сотқа жүгінетіндіктен, ай сайын сот

орындаушыларының әрекетіне қатысты даулар көбейіп барады», – деген И.Смагов аталған санаттағы даулардың мәні мен негізіне тоқталды.

Жиында Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Мұхит Мұқашев, облыс прокурорының аға көмекшісі Мұхтар Ажибаев, Әділет департаменті басшысының орынбасары Айзат Тіленбай, Сот орындаушыларының аумақтық палатасының тәртіптік комиссия төрағасы Ерлан Шоханов, жеке сот орындаушыларының аумақтық палатасының басшысы Бекнұр Бисенғалиев сөз алды. Мұхит Мұқашев істерді сотта қарау барысында



сот орындаушыларының атына көп дау айтылғанымен, көбін сотқа жетпей шешуге болатынын, сот ұсынысымен көптеген даудың медиативтік келісім арқылы аяқталып жатқанын айтты. Ал, Ерлан Шоханов жеке сот орындаушылары тәртіптік жауапкершілікке тартылған жағдайда, оларға ескерту, сөгіс не лицензиясының қолданылуын тоқтата отырып, палатадан шығару қарастырылғанын атап өтті. «Көп жағдайда азаматтар жеке сот орындаушыларының дұрыс емес, әдепсіз, әділетсіз әрекеттеріне шағымданады. Бүгінде Маңғыстауда 83 жеке сот орындаушысы бар, 2021 жылы 32 тәртіптік комиссия отырысы өткізіліп, 54 жеке сот орындаушысы жауапкершілікке тартылды», – деді тәртіптік комиссия төрағасы.

рышкерді уақытылы жұмысқа орналастырмау, борышкердің мүлкікті жағдайын, соның ішінде жұмысқа орналасқаны туралы арнайы базаны уақытылы тексермеу, борышкерлерді қылмыстық жауаптылыққа тарту жұмыстарының әлсіздігі көптеп кездесетіні анықталған.

Облыстық сотта өткен дөңгелек үстел басында ашық диалог құрылып, әркім нақты мәселелер бойынша ой-пікірі мен тәжірибесін ортаға салды. Жиын қорытындысы бойынша хаттамалық шешім дайындалды.

**Гауһар НҰРХАНОВА,**  
Маңғыстау облыстық сотының баспасөз хатшысы

## ОТБАСЫНЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ ОРЫНДА

Отбасындағы озбырлық, әлімжеттіктің салдары өте ауыр. Жанұядағы жанжалдан, зорлық-зомбылықтан көбінесе ана мен балалар зардап шегеді. Ең өкініштісі, күнделікті қайталанатын мұндай келеңсіз көрініске кейбір жанұялардың еті үйреніп, зорлықты қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Ал отбасында әкесінің үнемі үстемдік жасап, қол жұмсауына көзі үйренген баланың ертең дәл осыны қайталамасына кепілдік жоқ.

Президент атап өткендей отбасылық зорлық-зомбылықты тек жазаны күшейтумен шешу мүмкін емес. Ол үшін құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстарды да жандандыру маңызды. Сонымен қатар, аналар мен балалардың сенімін арттыру, зорлық көргенде кімнен көмек алуға болатынын, қандай қадамдар жасау керектігін түсіндіру кезек күттірмейді.

Отбасындағы жарасымдылықты сақтау, ерлі-зайыптылар арасын алшақтатпай, кикілжіңді татуласу жолымен реттеу мақсатында кезінде заңнамаларға өзгерістер енгізіп, денсаулыққа жеңіл дене жаракатын салғандардың ісі қылмыстық құқық бұзушылық қатарынан шығарылған болатын. Соған орай тұрмыстық зорлық-зомбылық Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 73-бабымен қаралауда.

Біздің сотта да дәл осы бап аясында қаралатын істер аз емес. Мысалы жақында жасы алпысқа жақындаған азаматқа қатысты іс қаралды. Орта жастан асса да тұрақты жұмыс істемейтін, арақ ішіп жақындарын әбден мезі еткен оның үстінен кезекті жанжал шығарған кезінде туған анасы арызданған. Азаматша Д.М. сотта баласының отбасы тыныштығын үнемі бұзатынын, өзін тілдеп, боктайтынын айтып, ұлына кешірім бермейтінін жеткізді. Сонымен бірге ол соттан баласына қатаң жаза тағайындауды сұрады. Кез келген ана баласына жамандық ойламайды. Ал мынандай сөзді ана шыдамы таурысқан соң, қартайғанда өзіне пана болады деген баласы керісінше масыл болып, мазасын алған соң айтып отырғаны түсінікті. Істі таразылай келе азаматқа ӨҚБТК-тің 73-бабы 1-тармағы бойынша әкімшілік жаза ретінде 2 тәулікке қамаққа алу белгіленді. Бұған қоса, сот айыпты азаматқа ерекше талаптар белгілеу қажет деп тапты. Мұндай талаптардың тұрмыстық зорлық-зомбылығын алдағы уақытта қайталамауы үшін, азаматқа ой салу мақсатында берілетіні белгілі. Осылайша сот қаулысымен азамат В.М-нің кез келген қару түрін алып, сақтап, қолдануына тыйым салынды. Сонымен бірге, азаматтың отбасы-тұрмыстық жағдайда құқыққа қайшы әрекет жасамауына, жәбірленуші құқығын бұзбауына үш айлық мерзімге бақылау белгіленді.

Дәл осындай іс азамат К.К-ге қатысты да қаралды. Бұл жолы да құқық бұзушының туған анасы арыз берген. Мұнда да жұмыс істемейтін К.К. нашаның буына елтіп анасына тіл тигізген, отбасының тыныштығын бұзған. Баласы кінәсін мойындап кешірім сұрағанымен, оның сөздері ана жүрегін жібіте алмады. Өйткені, жақындарынан нашаны артық көрген баласы отбасының берекесін әбден кетірген. Содан болар анасы соттан ұлына қатаң жаза тағайындауды сұрады. Істі сараптай келе сот ӨҚБТК-нің 73-бабы 1-тармағына сай азамат К.К-ні үш тәулік әкімшілікке қамаққа алу туралы қаулы шығарды. Бұған қоса, құқық бұзушыға ерекше талаптар белгілеу дұрыс деп шешті. Соған сай азамат К.К-нің үш ай кәлемінде кез келген қаруды алу, сатып алу, қолдануына тыйым салынады. Әрі осы аралықта ішімдік, есірткілік және психотроптық заттарды қолдануына болмайды. Ерекше талап қойылған үш ай ішінде құқық бұзушы тұрғылықты жері бойынша полиция бөліміне апта сайын барып, көрініп тұруы керек.

Дәл осы секілді әйеліне, балаларына, бауырларына зорлық-зомбылық көрсеткені үшін жазасын алып жатқандар аз емес. Мұның барлығы отбасы құндылығының әлсіреп кеткенін көрсетсе керек. Сондықтан жанұяның тыныштығын бұзғандарды жазалауға ғана емес, отбасының маңызын арттыруға, отбасылық тәрбиеге көңіл бөлуге ден қойғанымыз жөн-ақ.

**Қ.АЛАШҰЛЫ,**  
Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҚЫСҚЫ СПОРТ ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ҒАНА КЕРЕК ПЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Балабақша мен мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейінгі мекемелердің бәрі бұл процестен сырт қалмайды. Тіпті, спортты зерттейтін түрлі бағыттағы ғылыми-зерттеу институттары құрылып, спортшылар тамағынан бастап, киетін киімі мен күнделікті жасайтын жаттығуларына дейін түгел бақылауда болады. Бізде спорт ғылыми-зерттеу институтының қажеттілігі 2000 жылдан бері көтеріліп келе жатса да спорт саласындағы шенеуніктер әлі күнге дейін оны қай қалада ашу керек дегенді анықтай алмай басы қатып жүр. Соның нәтижесінде қысқы спорттағы Азия, Универсиада және Олимпиада ойындарында көрсеткішіміз жақсарудың орнына кері кетіп бара жатқанын мойындауға ешкім тәуекел жасай алмай отыр. Бұл Қазақстанның спорт саласында бағыт-бағдарын әлі күнге айқындай алмай жүргенін көрсетеді.

Спорт тарихының белгілі зерттеушісі, педагогика ғылымдарының докторы Бауыржан Досқараевтың айтуынша, Бейжіңге әлемдегі мықты спортшылардың кейбірі келмей қалса ғана 1-2 медаль алуымыз мүмкін. Өйткені, олар Әлем кубогы сияқты ақшасы көп жерлерде жүреді ғой. Біздің құрамадағы спортшылардың медаль алуы өте қиын. Кейбіреулер Токиодағы жазғы Олимпиада ойындарындағы сәтсіздіктен кейін мұның бәрі спорт саласына жауапты жеке министрліктің не агенттіктің жоқтығынан деп жатыр ғой. Мен онымен мүлде келіспеймін. Жетістік болу үшін жеке спорт министрлігін құрудың қажеті жоқ. Мәселенің бәрі маманға байланысты. Спорттың, ғылымның не екенін білетін адам басқарса Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің де оған құзыреті жетеді, – деген Б.Досқараевтың сөзін «Спорт туралы» заңның, ҚР тұрғындарының физикалық дайындығы президенттік тесті әзірлеуші және бастамашыларының

лықтардың өз қызметін қалай жүргізіп отырғанын ешкім білмейді. Оған сараптама да жасалған емес. Әрқайсысы өзімен-өзі өмір сүреді. Еліміздегі спорт федерацияларының үштен бірі қысқы спорт түрлері. Алайда Олимпиада сияқты байрақты бәсекелерде ел қоржынына медаль әкелетіндерге бөлінетін қаржы бір ғана хоккейге бөлінген ақшамен бірдей. Ал болашақ чемпиондарды бала күнінен анықтап, қабілетін жетілдіріп, машықтандыруға тиісті спорт мектептерінің жағдайы келіспеген соң олардан олимпиадалық қозғалыстың көшбасшыларын күту қиын.

– Пандемия жағдайына байланысты Бейжіңге әлемдегі мықты спортшылардың кейбірі келмей қалса ғана 1-2 медаль алуымыз мүмкін. Өйткені, олар Әлем кубогы сияқты ақшасы көп жерлерде жүреді ғой. Біздің құрамадағы спортшылардың медаль алуы өте қиын. Кейбіреулер Токиодағы жазғы Олимпиада ойындарындағы сәтсіздіктен кейін мұның бәрі спорт саласына жауапты жеке министрліктің не агенттіктің жоқтығынан деп жатыр ғой. Мен онымен мүлде келіспеймін. Жетістік болу үшін жеке спорт министрлігін құрудың қажеті жоқ. Мәселенің бәрі маманға байланысты. Спорттың, ғылымның не екенін білетін адам басқарса Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің де оған құзыреті жетеді, – деген Б.Досқараевтың сөзін «Спорт туралы» заңның, ҚР тұрғындарының физикалық дайындығы президенттік тесті әзірлеуші және бастамашыларының

бірі болған педагогика ғылымдарының докторы, Спорт ғылымдары еуропалық қауымдастығының академигі Анатолий Құлназаров да растады. Спорт саласында ұзақ жылдар бойы басшылық қызметтерде болған А.Қожекенұлының сөзіне қарағанда, – спортта жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін спортшыға орта есеппен 10-15 жылдық тәжірибе керек, күніне 2 рет жаттығу жасағанның өзінде, оған шыдау үшін бейімделуден бөлек, жарыстардан кейінгі ағзаны қайта қалпына келтіру шараларының бәрін жасау керек» – дей келе, Қазақстанда қысқы спортты дамытуға барлық жағдай бар. Тау да, дала да, спортшылардың дайындалуына қажетті спорттық базалар да бар. Соны тек әлі күнге дейін дұрыс пайдалана алмай отырмыз. Азия мен Универсиада ойындарына арнап салынған спорт ғимараттарының көбі өз мақсатына толық пайдаланылып отырған жоқ. Балалар мен жасөспірімдер мектептерінің тәрбиеленушілерінің өзі онда тегін жаттыға алмайды. Жалпы, спорт саласына қатысты мектепті сол саланың маманы басқару керек қой. Сосын маман дайындауда интернат-колледж-академия жүйесін қалыптастыру қажет. Қазір бізде балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуда не дұрыс тамақ, не оқу-жаттығу жиыны, не оларды сынайтын жарыс жоқ болған соң қаржының бәрі желге ұшып жатыр. Ғылыми-зерттеу институтын ашу туралы Ванкувер олимпиадасынан кейін Президенттен нұсқау болған. Қаржы министрлігі оған 300 млн теңге қаржы да бөліп қойғанына қарамастан, спорт

саласына жауапты министр ауысқан соң дайын тұрған орынды Мәдениет институты етіп жіберді. Енді ештен кеш жақсы деп жаңа министрге ұсыныс әзірлеп жатырмыз. Одан не шығатынын уақыт көрсетер, – деген А.Құлназаров бұл саладағы реформалардың аяқсыз қалып жатқанына өз алаңдаушылығын білдірді.

Қазақстанда өткен 2011 жылғы VII қысқы Азия ойындарында жалпы командалық есепте бірінші, 2017 жылғы қысқы XXVIII Универсиадада екінші орынды алып әлемді елен еткізгенімізбен бұл жетістіктің кездейсоқ жағдай екенін кейінгі көрсеткіштеріміз дәлелдеп берді. Мәселен, ұлттық құрама Азия ойындарында 1996 жылы жалпыкомандалық екінші, 1999 жылы үшінші орын алғанымен, 2003 пен 2007 жылдары үздік үштіктен сырт қалған еді. 2011 жылы өз жерімізде үздік атанғанымызбен, Жапониядағы 2017 жылы соңғы Азия ойындарында қайтадан үштіктен сырт қалдық. Универсиадада да 2017-де екінші орын алғанымызбен, соңғы 2019 жылғы бұл байрақты бәсекеде 4 күміс, 3 қоламен 17-орын алдық.

Қысқы Олимпиадада 1994 жылы 1 алтын, 2 күміс, 1998 жылы 2 қола медаль алғанымызбен, 2002 және 2006 жылдары жүлдесіз қалып, 2010 жылы 1 күміс, 2014 және 2018 жылдары бір-бір қоламыз қанағат тұтқанбыз. Соған қарамастан, 2014 жылғы қысқы Олимпиаданы өткізуге үміткер болып, алғашқы сында жарыс жолынан шығып қалдық. Одан кейін 2022 жылғы Олимпиаданы өткізуге таласып, Халықаралық олимпиада комитеті мүшелерінің 2015 жылы ақтық дауыс беру сәтінде Бейжіңге есе жібердік. Онда Қазақстанға – 40, Қытайға – 44 ел сенім білдірген болатын. Сол кезде Алматы қаласының әкімі болған Ахметжан Есімов Олимпиаданы өткізуге қажетті 4 млрд доллар қаржыны мемлекет өз мойнына алуға дайын екенін жеткізген еді. Егер 2011 жылғы Азия мен 2017 жылғы Универсиада ойындарын өткізуге жұмсалған қаржының тиімділігі дәлелденбегенін ескерсек, Қазақстанда қысқы спортты дамытуда әлі күнге дейін сөз бен істің арасы алшақ тұр деуге болады. Өзге елдер Олимпиаданы – спортты ғана емес, туризмді

дамытудың да негізгі қозғаушы күші деп кешенді түрде қарастырып, оны ғылыми және экономикалық тұрғыдан іске асырып жатқанын көріп, біліп тұрсақ та өз қатемізді мойындаудан қашып жүрміз.

Бір кездері ауыл шаруашылығын дамытудан гөрі, халыққа қажетті тауарды шетелден сатып алған тиімді деп бүкіл бір саланы құрдымға жібергендердің ізбасарлары аз емес екен. Ақша болса шетелдік мықты спортшыларды жалдап өз атымыздан жарысқа шығара аламыз деген түсініктен әлі арыла алмай жүрген мұндай кейбір шенді-шекпенділер көрсеткіш үшін ештеңеден тайынбайтынын дәлелдеді. Сондықтан спортқа бөлінген бюджеттік қаржының басым бөлігі дарынды балаларды мектеп жасынан бастап іріктеп, оқытып, дайындауға емес, кәсіби спорттық клубтарды ұстап тұруға жұмсалуда. Ол 17 қарашада Парламент Мәжілісінде де сөз болып, Үкімет басшысының орынбасары Е.Тоғжановтың атына кәсіби футболдың шығындары жөнінде депутаттық сауал жолдануы соның тағы бір нақты дәлелі бола алады. 26 қаңтардағы жауабында Үкімет басшысының орынбасары: «бұқаралық және балалар спортына жаңа серпін беру үшін былтырғы жылы кәсіби спортты мемлекет есебінен қаржыландырудың лимиттері бекітілді (футбол клубтары үшін лимиттің шекті мәні жылына 1,2 млрд теңге, басқа ойын спорт түрлеріне 450 млн теңге). Нәтижесінде кәсіби клубтардан 20,1 млрд теңге көлеміндегі қаражат мемлекеттік спорттық тапсырысқа, спорт инфрақұрылымына, бұқаралық спорттық іс-шараларға қайта бағдарланды» деп сырғытпа жауап берген еді. Депутаттық сауалға бастамашы болған Қазыбек Исаға хабарласқанымызда 1,2 млрд теңге деген лимит құрымын барын, тіпті Мемлекет басшылығынан футбол клубтарына бөлінетін қаржы 800 млн теңгеден аспауы керек деген нұсқау да болғанын айтты. Сондай-ақ, көп сұрақтың әлі қараусыз қалып отырғанын және жауапқа өздерінің қанағаттанбағанын да жасырмады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

ПАРЛАМЕНТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл ретте ол фермерлерді тұқыммен және жеммен қамтамасыз ету, фермерлер үшін несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді азайту, қосалқы шаруашылықтарды жүргізуге микрокредиттер беру және оларды кооперацияға ынталандыру қажеттігін атап көрсетті. Депутаттың айтуынша, өткен жылы қалыптасқан жағдай ауыл шаруашылығы саласының технологиялық тұрғыдан артта қалуын, техникалық жарактандырудың төмен деңгейін, шаруашылық жүргізудің экстенсивті әдістерінің басымдылығын көрсетті, соның нәтижесінде сала қазіргі заманғы сын-тегеуріндерге төтеп бере алмайтындығын байқатты», – деп мәлімдеді. Оның айтуынша, осы мәселелерді шешу үшін егіс алқаптарының құрылымын әртарапандырумен және жемшөп, жарма, бұршақ, майлы дақылдар алқаптарын кеңейтумен айналысатын шаруашылықтарды белсенді қолдау қажет. Кооперацияны, оның ішінде қосалқы және ұсақ шаруашылықтарды ынталандыру да маңызды. Агротектор субъектілеріне бөлінетін несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді 2-3 пайызға дейін төмендету, қосалқы шаруашылықтар үшін көлемі 1-2 млн теңге болатын микрокредиттер спектрін кеңейту, шаруашылық науқаны кезінде мемлекеттік қаражатты жылдам алу мүмкіндігін қарастыру, нақты алынған өнімге немесе қайта өңдеуге өткізілген көлемге байланысты субсидияларды бөлу бойынша нақты шаралар көзделуі тиіс.

Дәурен Әділбеков осы орайда шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру шараларын ұсынды. Оның айтуынша, ШОБ өкілдері мемлекеттік қолдау шаралары мен оны көрсетудің шарттары туралы әртүрлі

бағдарлама операторларынан ақпарат алуы тиімсіз. Бизнесті мемлекеттік қолдаудың көпқұрылымды тетіктері кәсіпкерлердің уақытын алуымен қатар, түрлі кедергілер тудырады. Кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру мақсатында Үкіметке мемлекеттік қолдау шаралары операторларының санын қысқарту және біріктіру арқылы онтайландыру мүмкіндігін қарастыру керек. Осыған орай, ШОБ-ты мемлекеттік қолдаудың бірыңғай ақпараттық порталын құру қажет. Бұл кәсіпкерлерге қажетті барлық ақпараттың бір орта-



## ЕЛДІК МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАПСА ИГІ

### АИТВ-ТІ ЕМДЕУДІ БӘСЕКЕЛЕС ОРТАҒА БЕРУГЕ ӘЛІ ЕРТЕ

Жиында сонымен қатар жекелеген салаларға қатысты мәселелер де назардан тыс қалмады. Соның бірі бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2026 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасына сәйкес АИТВ инфекциясына диагностика жасауды жеке медициналық орталықтар мен зертханаларға беру жөніндегі шешімге қатысты болды. Бұл тұжырымдама АИТВ диагностикасының бірінші кезеңінің ғана бәсекелес ортаға берілуін көздейді. Сенатор Ақмарал Әлназарова жиында осыған қатысты алаңдаушылық білдірді. Оның айтуынша, бұл қызметті бәсекелестік ортаға беру болашақта елдегі АИТВ-мен ауру жағдайын нашарлататын бірқатар мәселелерге алып келеді. Өйткені, бұл үрдіс талдау нәтижесі оң болған жағдайда, жұғу жолдары мен факторларын анықтау,

байланыс жасаушыларды іздеу және зерттеу жөніндегі дәйекті тізбектің бұзылуына әкеледі. Өзінің бұл алаңдаушылығын Әлназарова ханым, бұрын Қазақстанда жаныстық жолмен берілетін инфекциялар мен гепатиттерге зерттеу жүргізуді бәсекелестік ортаға беру тәжірибесі болғанын, бірақ бүгінгі таңда елде олар бойынша нақты статистика жасалмағаны және тиісінше осы инфекцияларға жауап беру бағдарламасының жоқтығымен байланыстырды. Осы ретте халықаралық тәжірибедегі келенсіз деректерге де назар аударды. Мәселен, көрші Ресейде де АИТВ зерттеуінің 1 кезеңі бәсекелестік ортаға берілуі аурудың тез таралуына әкеліп соққан. Нәтижесінде олар бірнеше рет АИТВ-инфекциясының диагностикасын мемлекеттік медициналық мекемелерге қайтаруға мәжбүр болған. Сенатор Министрлер кабинетінің басшысына жолдаған сауалында АИТВ-инфекциясына диагно-

стика жасауды тиісті жүйелі дайындақсыз және мәселені мұқият зерттемей тұрып бәсекелестік ортаға бермеуді өтінді.

### ТАПШЫЛЫҚ ТАРИФТІ ӨСІРЕДІ

Аймақтар жағдайы да сенаторлар назарынан тыс қалмады. Бұл орайда Көкшетау – еліміздегі жылу және электр энергиясының қазіргі заманғы көзі жоқ жалғыз облыс орталығы екендігі бір депутаттық сауалға арқау болды. Бұл қалада жылумен жабдықтау 1978 жылы пайдалануға берілген, қуаты қалаға жетпейтін ескірген қазандықтармен жүзеге асырылады екен. Жиында осы мәселені Нұрлан Бекенов Үкімет басшысының назарына салды. Сенатордың пікірінше, қаладағы электр қуатының тарифі еліміздегі ең жоғары тарифтердің бірі болып табылады. Электр энергиясы басқа облыстардың энергия өндіруші станцияларынан ондаған делдалдардың желілері арқылы қалаға келеді. Қазіргі заманғы ЖЭО салу мәселені шешуге көмектеседі, алайда оның құрылысын Министрлер кабинеті тек 2026 жылға жоспарлап отыр. Сенатор жобаны созбау және барлық бюрократиялық мәселелерді

барынша жедел шешу қажеттігін атап көрсетті. Депутаттың айтуынша, Премьер-Министр бекіткен жол картасына сәйкес ЖЭО-ның бірінші кешенін пайдалануға беру, екіншіше орай, тек 2026 жылдың қазан айына жоспарланған. ЖЭО құрылысы республикалық жоба ретінде танылғанына қарамастан оның құрылысы ұзаққа созылып бара жатыр. Тек мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шартқа қол қою мерзімінің өзі 2023 жылға жоспарланған. Көкшетау қаласында электр және жылу энергиясының тапшылығы бар екенін, сондай-ақ, оларды тұтыну өсіп келе жатқанын ескере отырып, ЖЭО салу мерзімін қысқарту керек.

### ПОЛИЦИЯ БАСПАНАҒА МҰҚТАЖ

Сенатор Нұрлан Бекназаров полицейлерді әлеуметтік қорғау мәселелерін шешуді ұсынды. Бұл ретте ол тұрғын үйді жалға алу үшін өтемақы ала алатын ішкі істер органдары қызметкерлерінің тізбесін кеңейту қажеттігін айтты. Себебі, ішкі істер органдарының ведомстволық тұрғын үй қоры жоқ. Сондықтан Ішкі істер министрлігі қызметкерлерге тұрғын үйді жалдау үшін өтемақы төлеумен шектелді. Алайда, бұл төлемдерді барлық қызметкер ала алмайды. Өйткені, тұрғын үй төлемдерін алу үшін қызметкерлердің жекелеген санаттарының тізбесін Үкімет айқындайды. Соған байланысты, бүгінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің 28 пайызға жуығы баспанаға мұқтаж. Нұрлан Бекназаров бұл проблема кадрлардың тұрақтамауына, ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмысқа деген жауапкершілігі мен ынтасының төмендеуіне тікелей әсер етеді деп есептейді. Сенатор осы мәселелерді шешу үшін Премьер-Министрден тиісті, қажет болса қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізуді талап ететін шаралар қабылдауды сұрады.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»



## ПАЙЫМ

ӨЗГЕРІС –  
ӨМІР ТАЛАБЫ

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ 30 ЖЫЛЫ ІШІНДЕ ЕЛІМІЗДЕ ӘЛЕМДІК СТАНДАРТТАРҒА САЙ ЗАМАНАУИ СОТ ЖҮЙЕСІ ҚАЛЫПТАСЫП ҮЛГЕРДІ. ОСЫ АРАЛЫҚТА ЦИФРАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ, ТЫҢ ӘРІ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР СОТТЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ЖАҢА САТЫҒА КӨТЕРГЕНІН МАҚТАНЫШПЕН АЙТА АЛАМЫЗ. ОНЫҢ ІШІНДЕ, «СОТ КАБИНЕТІ», «ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ, ФРОНТ-КЕҢСЕЛЕР, ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН МЕДИАЦИЯ КАБИНЕТТЕРІНІҢ АШЫЛУЫ, «ТҮНГІ СОТ» ПЕН «ТАТУЛАСУ: СОТҚА ДЕЙІН, СОТТА» АТТЫ ІРГЕЛІ ЖОБАЛАРДЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК.



Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ,  
Маңғыстау облыстық мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық сотының судьясы

Қоғамға қалтқысыз қызмет ету мақсатында қолданыстағы заңнамалардың уақыт талабына сай өзгерістерге ұшырауы заңдылық. Мәселен, өткен жылдың соңында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процесстік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданған еді. Заңды екі негізгі блокқа бөлуге болады. Біріншіден, бұл құжат дауларды сотқа дейін және соттан тыс реттеуді дамытуға, екіншіден, азаматтық іс жүргізу заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған. Осы заңның негізінде бірнеше заңға өзгеріс пен толықтыру енгізілді. Айталық, «Медиация туралы» заң жаңа 8-1-баппен толықтырылып, уәкілетті органның құзыреті айқындалды. Сондай-ақ, медиатордың құқығы мен міндеті нақтыланды. Тағы бір айта кетерлігі, енді онлайн-медиативтік келісім жүргізуге болады. Дәл қазіргідей пандемия кезінде заңға мұндай өзгерістің енгізілуі құптарлық. Одан бөлек, сот актісін орындау сатысында және әкімшілік сот ісін жүргізу барысында жүргізілетін медиацияның ерекшеліктері айқындалды.

Ал биыл қаңтардан бастап күшіне енген Азаматтық процесстік кодекстегі басты өзгеріс – талап қою арызы талап қоюмен, өндіріп алушы тиісінше талап қоюшы, борышкер жауапкер деген сөздермен алмастырылды. Осы ретте кейбір мемлекеттік орган тарапынан берілетін талап қоюлардың сапасы сын көтермейтін атап өткен жөн. Мұндай кемшілік өз кезегінде істің созылаңға салынуына әкеледі. Сондықтан, сотқа талап қоюды бермес бұрын «жеті рет өлшеп, бір рет кескен» абзал. Құжаттағы 21-тарау, яғни сырттай іс жүргізу және сырттай шешім шығару алып тасталды.

Өткен жылдың желтоқсанында республика көлемінде «Сотқа дейінгі хаттама» жобасы пилоттық режимде сынақтан өткен болатын. Бұл жоба бойынша Азаматтық процесстік кодекске өзгерістер мен түзетулер енгізіліп, кодекс сотқа дейінгі хаттама атты жаңа ұғыммен толықты. Осы орайда, Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында бір ай ішінде 17 сотқа дейінгі хаттама жасалып, 2 іс бітімгершілікпен, 3 іс медиациямен аяқталған. «Көш жүре түзеледі», демекші, алдағы уақытта көрсеткіштің еселеп өсеріне сенім мол. Себебі, татуластыру рәсімдерімен қоғам бұрыннан таныс. Тараптардың енді сотқа дейінгі хаттаманы өздері немесе медиатор, адвокат арқылы жасауға мүмкіндігі бар.

Сотқа дейінгі хаттама еркін нысанда толтырылып, онда тараптардың деректері және даудың мәні қамтылады. Өз кезегінде талап қоюшы жауапкерге ашатын және ұсынатын дәлелдемелер туралы бағанды, ал жауапкер өзінің дәлелдері туралы бағанды толтырады. Осылайша, тараптар дауды шешудің өзіндік нұсқасын ұсынады. Яғни, Азаматтық процесстік кодекстің 73-бабына сәйкес, дәлелдемелерді тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар бірінші сатыдағы сотқа олар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, талап қоюды қабылдаған кезде ұсынады.

Талап қоюды қабылдау туралы айтатын болсақ, судья талап қою келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Сондай-ақ, татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қоюды қабылдау он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Ал, сотқа дейінгі хаттама осы кодекстің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес жасалған жағдайда, талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Жаңа өзгерістерге сәйкес, сот тараптарға татуласу рәсіміне қатысуы үшін шақыру жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдап, дауды процесстік барлық сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Одан бөлек, сотқа талап қоюдың келіп түскені, татуласудың артықшылықтары, дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну құқығы туралы хабарлар етіледі. Бір айта кетерлігі, қамтамасыз ету шараларын қабылдау кезінде шақыру тиісті ұйғарым шығарылғаннан кейін жіберіледі.

Қорыта айтсақ, татуластырудың саласын кеңейту, азаматтардың сот шығынын барынша азайту, дау-жанжалдарды сотқа жеткізбей, одан тыс реттеуді көздейтін жаңашылдықтардың қоғам үшін тиімді тұсы жетерлік. Себебі, заңдағы әрбір өзгеріс әр азаматтың құқығын қорғауды мақсат етеді. Сондықтан, аталған заңдағы жаңашылдықтарды түсіндіру, жұртшылыққа дер кезінде жеткізу, зерделеу біздің басты міндетіміз болмақ.

## САРАП

ӘКІМШІЛІК ТАЛАП ҚОЮ  
ТҮРЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс 2021 жылдың 1 шілдесінен бері қолданыста. Жаңа заңның қабылдануы әкімшілік әділеттің қалыптасуына негіз қалады. Сонымен бірге, бұл заңнама еліміздің құқықтық саласына үлкен бетбұрыс жасады. Өйткені, осы өзгеріс арқылы сот алаңында қарапайым азаматтар мен мемлекеттік құрылымдардың теңдігіне қол жеткізілді.

Осы ретте Мемлекет басшысының «Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілді», – деген пікірімен толық келісуге болады. Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу.

Жаңа өзгеріске сай жария-құқықтық дауларды қарайтын әкімшілік соттардың қызметке кіркеніне де жеті айдың жүзі болған екен. Осы аз ғана уақыттың ішінде әкімшілік соттар ауқымды жұмыстар жүргізді. Оның негізгі бөлігі жаңа заңнамадағы артықшылықтарды жұртшылыққа түсіндіруге, соттардың қызметін насихаттауға бағытталды. Бұған де-

йін мемлекеттік органдар әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағымданған азаматтардың көп жағдайда жеңіліс тауып келгенін шындық. Қалай болғанда да, мемлекеттік құрылымдар секілді кадрлық әлеуеті мықты, материалдық жағдайы шешілген мекемелермен құқықтық тартыста заңдық білімі жоқ азаматтардың жеңіліп келгенін жасыруға болмайды. Жаңа құжат жылдар бойы қалыптасқан осы бір келенсіз көзқарасты түбегейлі өзгертті. Соның нәтижесінде, бытыр алты айда республикадағы әкімшілік соттарға 9 мыңнан астам іс түскен. Оның ішінде орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар бұл істердің 49 пайызы бойынша жеңіліске ұшыраған. Осының өзі сотқа жүгінгендердің өз талаптарының дұрыстығы мен мемлекеттік органдар актілерінің заңсыз шығарылғанын сотта жан-жақты дәлелдеуіне жол ашылғанын айғақтайды.

Десек те, нәтиже бұдан да жоғары болу үшін көпшілікке заңның басымдықтарын әлі де таныстырып, түсіндіре беру керек. Мәселен, әкімшілік талап қою ретін, әкімшілік талаптың түрлерін таныстыру маңызды.

Жалпы, заңнама бойынша әкімшілік талап қоюдың төрт түрі жіктелген. Олар дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау, тану туралы талап қою. Талап қоюдың тәртібі де анық. Оны азаматтар жазбаша нысанда не электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қуаландырылған электрондық құжат нысанын-

да береді. Талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, әкімшілік актінің толық немесе оның қандай да бір бөлігінің күшін жою талабын беруде азаматтар дау айту туралы талап қоя алады. Ал мемлекеттік орган қабылдаудан бас тартқан не әкімшілік органның лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылданбаған қолайлы әкімшілік актінің қабылдануы талап етерде мәжбүрлеу туралы талап қою арызы рәсімделеді.

Әрекет жасау туралы талап қоюдың да тәртібі бар. Ол бойынша талап қоюшы белгілі бір әрекеттер жасауды немесе әкімшілік актінің қабылдауға бағытталмаған мұндай әрекеттерден қалыс қалуды талап ете алады. Сонымен қатар, тану туралы талап қою үшін талап қоюшы, егер ол жоғарыда аталған талап қоюды бере алмаса, қандай да бір құқықтық қатынастың бар немесе жоқ екенін тануды талап етуі мүмкін. Тану туралы талап қою бойынша талап қоюшы бұдан былай заңды күші жоқ, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің заңсыз деп тануды талап етуі де мүмкін. Талап қоюды беруге арналған мерзім Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 136-бабына сәйкес реттеледі.

Мақсат САДЫҚОВ,  
Алматы облысы  
№2 мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік  
сотының судьясы

## СОТ СӨЙЛЕСІН

Мүмкіндігі шектеулі жандар ерекше қорғауды, айрықша көңіл бөлуі қажет етеді. Біздің мемлекетімізде ол үшін құқықтық жағдай толық жасалған. Тек соның орындалуы ойдан шықпайды. Былтырғы статистика бойынша Қазақстанда 705 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан бар. Оның жүз мыңға жуығы кәметке толмағандар. Яғни, елімізде осынша адам мемлекеттің қолдауына мұқтаж. Бүгінде мүгедектер құқығы «Қазақстан Республикасы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңы шеңберінде қорғалады. Сондай-ақ, мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспары бекітілген.

Әрине, мемлекет тарапынан жәрдем-ақылар мен өтемақылар төлеу жолға қойылған. Мұнымен бірге, оларды сауықтыру, қоғамға бейімдеу, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына кірумен қамтамасыз ету де басты орында. Бірақ басқа күрделі мәселелерді айтпағанда, мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік нысандарға кіріп, шығуы толық ескерілмеген. Жаңа ғимараттарда болмаса, бұрын салынған ғимараттарда пандустар жасалмаған. Ал құзырлы орындардан айыппұл арқаламас үшін жасалған пандустардың көбінен көзбояушылық байқалады. Арзан, сапсыз материалдардан жасалған пандустармен қыстың күні қозғалу мүмкін

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР МӘРТЕБЕСІН  
АЙҚЫНДАУ МАҢЫЗДЫ

емес. Жылтырап, тайғанап тұратын бұл материалдар мүмкіндігі шектеулі жандарды керісінше мәрттігіне мүмкін. Сондай-ақ, кемтар жандарға көшелерден өту де оңай шаруа емес. Жер асты өткелдерінен өту мәселелері шешілгенмен, жер үсті өткелдерінен өту өте қиын. Осы өткелдерде лифт бар деп мәлімделгенмен, солардың

көпшілігі жарамсыз. Мұндай ағүсті шаруалар мүгедектер ұйымы, азаматтық белсенділер мәселе көтергенде ғана оң шешіліп жатады. Сондықтан, онсыз да өмірден теперіш көріп жүрген жандар қиындыққа тап болмас үшін өзіміз көрген, куә болған мәселелерді жылы жауып қоймай, онтайлы шешілуіне атсалысқанымыз абзал.

Кемтар жандар ақпарат пен білім алуға, кез келген қызмет түрін еркін таңдауға, тегін медициналық көмектің кепілденген көлеміне ие болуға құқылы. Алайда бұл мәселеде де түйткіл жетерлік. Айталық, қазір ақпарат заманы дейміз. Бірақ жалпы жұртқа бағытталған бұқаралық ақпарат құралдарының кейбірінде болмаса, көпшілігінде көзі нашар көретіндерге арналған қосымша мүмкіндіктер қарастырылмаған. Өз құқығын білмегендіктен зағип жандар мұны айтып, құзырлы орындарға шағымдана бермейді. Бұған қоса, кемтарлардың жұмысқа орналасуы да қиямет. «Қазақстан Республикасы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңына сәйкес, бірінші және екінші топтағы мүгедектер үшін аптасына отыз алты сағаттан көп емес жұмыс уақытының қысқартылған түрі қамтамасыз етіліп, жыл сайын қосымша он бес жұмыс күніне дейін созылатын ақы төленетін демалыс берілетіні көрсетілген. Бірақ жанашырлықтан гөрі, табысын еселеуді ғана ойлайтын жұмыс берушілер заңдағы бұл талаптарды ескере бермейді. Мемлекеттен берілетін жәрдемақы жетпеген соң қосымша

табыс көзін іздейтін кемтар жандар амалсыздан жұмыс берушілердің шартымен келісуге мәжбүр. Олар қолда бар жұмыстан ажырап қалмас үшін еңбек келісімшартындағы кейбір заңсыздықтарға көз жұма қарап, өз құқығын қорғауға ынға таныта бермейді. Қазақстан мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Ол үшін кәсіпкерлер мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмысқа орналастыруға көмектесуі тиіс.

Бұл әрине мемлекет тарапынан атқарылуы, ескерілуі керек шаралар. Одан бөлек жалпы, қоғамда мүмкіндігі шектеулі жандарға деген көзқарасты өзгерту маңызды. Бізде кемтар жандарды кемсіту, қоғамдық орындарда елемей әлі де жиі кездеседі. Өз ортасынан адами қолдау көрмесе де, кейде заңсыздыққа тап болса да кемтар жандар ол үшін шағымданып жатпайды. Осыған орай қоғамда мүгедектерге деген көзқарасты өзгерту кезек күттірмейді.

Назкен БАЙМАХАНОВА,  
Жетісу аудандық сотының судьясы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



– ҚР Конституциясында «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам, адамның құқығы мен бостандықтары» екені көрсетілген. Құқық қорғаушы ретінде біздегі адам құқықтары жайлы не айтар едіңіз? Бізде адам құқығы қалай қорғалады?

– Менің ойымша, бізде адам құқықтарын қорғау жайы мез емес. Әсіресе, осы қаңтар оқиғасы кезінде құқық қорғау органдары тарапынан азаматтардың қорғалу құқығы, өмір сүру құқығы, азаптауға ұшырамау бостандығы көптеп, тіпті, жаппай бұзылып жатыр.

Құқық қорғау жүйесінде адам құқығын қорғау мәселесінің мез болмауының негізгі бір себебі – күштік құрылымдардың кеңестік жүйе негізінде қалып қоюы дер едім. Репрессивті жолмен жұмыс істеу тәсілдері де сол күйінде бүгінгі жүйеге ауыса салды. Қазіргі қоғам осының бәріне куә болып отыр. Негізсіз, дәлелсіз адамды қамау, оны ұрып соғып жасамаған қылмысын жасадым деп қол қойдыруды жүзеге асырып жатыр. Ол бірақ заң бойынша ешқандай дәлел емес.

**Айна ШОРМАНБАЕВА, «Халықаралық құқықтық бастама» қоғамдық қорының президенті:**

# «АДАМДЫ ӨМІР СҮРУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ – ҮЛКЕН ҚЫЛМЫС»

– Мұндай жағдайда сіздер қалай жұмыс істеп жатырсыздар?

– Бүгінгі жағдайлар кезінде бізге әртүрлі шағымдар түсуде. Біз әуелі мән-жайды, қандай құқықтарының бұзылғанын анықтап, егер мүмкіндік болса адвокат жаппай беріп қолдан келген көмектерді көрсетіп жатырмыз. Кей азаматтарға құқықтық, психологиялық кеңес беріп, осы саланың маманымен жолықтырып отырмыз. Азаптаудан шыққан адамның тек қана тәні емес, жаны да жаралы. Бірақ оны бүгін елеп жатқан ешкім жоқ. Негізі осы жұмыстың барлығы мемлекеттің жұмысы. Осының бәрін мемлекет істеуі тиіс болатын. Яғни, ол ең бірінші азаптауға жол бермеуі керек, азаматтарды қорғау, қорғану құқығымен қамтамасыз ету керек, сонымен бірге, бұл жерде тергеу бейтарап жүргізілуі керек еді. Бізде өкінішке қарай, мұның бәрі басылып жатқан жоқ. Ал ол мемлекет кепілдік берген, Президент кепіл болған Конституциядағы жүзеге асырылуы тиіс тікелей міндеттер. Біз тек қажет кезінде көмектесуге тиіс болсақ, мемлекет мұнымен жүйелі түрде айналысуы керек еді. Себебі, Қазақстан халықаралық деңгейдегі адам құқығын қорғауға қатысты көптеген құжаттарға қол қойды, әлем алдында халықтың құқықтық мәселесінде жауапкершілігін өз еркімен мойнына арқалады. Енді оны сақтау керек, орындау керек. Егер оны орындай алмаса, ол жауапкершілікті мойнына алудың керегі жоқ еді. Дұрыс мемлекет, демократиялы мемлекет өз сөзінде тұрады.

**«Адамдардың бәріне заңгер болудың қажеті жоқ»**

– Қазақстандағы құқықтық жүйеге түбегейлі өзгеріс керек екендігі айтылып жатыр. Ел заңдары осындай өзгерістерге дайын ба? ҚР заңдарында адам құқығына қатысты мәселелердің бәрі толықтай таратылып жазылған ба? – Адам құқықтары жағынан алып

қарастырсақ, біздегі заңдарда көптеген қайшы тұстар бар. Біз мысалы, оны талай мәрте Парламенттік талқылауларда айттық. Мен өзім мәселені, ҚР Қылмыстық кодексі бойынша Парламенттің жұмыс тобына қатысты, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс пен ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексындағы жұмыс тобында болдым. Бәрінің талқылауына қатысты. Соның бәрінде құқық қорғаушы ретінде өз позициямды айттым. Мысалы, біздің заңдар анық емес. Заң анық болмаса ұстанымдар бұзылады. Адамдардың заңды түсінуі үшін оның заңгер болуы міндетті емес. Ол азамат кім болса да, ең бастысы заңдар адамға түсінікті болуы қажет. Өкінішке қарай, біздің заңдарда ондай дәлдік, ұғынықтылық, нақтылық жоқ. Сондықтан заңдарға қарап отырып, оны сіз «былай да, былай да» түсіне беруіңіз мүмкін. Бұл екіұшты жазылғанның кесірі.

– Сіз жаңа біраз заңдарға қатысты жұмыс тобында болдым деп қалдыңыз. Сол кезде осы мәселелерге қатысты ескертуіңізді айтпадыңыз ба?

ол өз жұмысына адал болуы керек еді. ҚР Қылмыстық-процессуалдық кодексінде қорғаушының көптеген құқықтары да, мүмкіндіктері де бар. Алайда, бүгінгі жағдай барлық адвокаттың бірдей емес екендігін көрсетті. Бізге қазір мемлекет тарапынан ұсынылып жұмыс істеп жатқан адвокаттарға қатысты көптеген адамдар шағым айтып жатыр. Өкінішке қарай, бүгінгі жағдайдағы олардың жұмысы балаға



**«Әр ведомство заңды өздеріне лайықтап алған»**

– Соңғы жылдары құқықтық саладағы заңдарға біршама өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бірақ осы толықтырулар мен өзгерістер енгізілген заңдардың өзі неге заман талабына иелес алмай отыр?

– Олардың бәрі ескі жүйемен жасалған, әлі де сол ескі ұстанымдардан аралған жоқ. Ол өзгерістер мен толықтырулар адам құқықтарын сақтау үшін емес, әр ведомствоның ыңғайына лайықталып қана жазылады. Әр құрылым заңды өзіне лайықтап алады. Мәселен, Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-процессуалдық кодексті өздеріне ыңғайлы етіп жазады, Бас прокуратура Қылмыстық кодексті өзіне ыңғайлайды. Тіпті, қарап отырсаңыз, ҚР Қылмыстық кодексінде ұстанымдар жазылмаған ғой. Мен жұмыс тобында болғанда қаншама рет айттым. Қалай ұстанымы жоқ заң болады. Негізгі заңдылық бойынша ең бастысы ұстанымдар, сосын сол ұстанымдарды жүзеге асырудың нақты нормалары болуы керек. Ал біздің Қылмыстық кодексте ол жоқ. Өйткені, оған Иоган Меркель мырза қарсы болды. Сол кезде ол бас прокурордың орынбасары қызметінде болатын, қазір Конституциялық кеңесте отыр. Қылмыстық кодекстің ұстанымдарына қарсы адам қазір Конституциялық кеңесте отыр. Мен қазір қалжындап бұл кодексті «Ұстанымсыз Қылмыстық кодекс» (безпринципный Уголовный кодекс) деймін.

**«Халық оянды»**

– Елдегі әлеуметтік теңсіздік мәселелері де соңғы кездері жиі айтылып жүр. Бұл тұрғыдағы пікіріңіз қандай?

– Әлеуметтік теңсіздіктің түп төркіні біздегі саяси режимде жатыр. Осы уақытқа дейін елдегі саяси жүйе қарапайым халықты ұмыт қалдырды. Оларға жұмыс орындарын ашпады, жұмыс орындарының бәрі бір ғана адамның қолында болды, ол монополияны өршітті. Жаңа бизнес бастамаларды жүзеге асыруға жол бермеді. Яғни, қарапайым адамдар өз талантын, қабілетін көрсете алмады.

Банктерге кредит алуға барсаңыз олардағы пайыздардың қандай екенін білесіз. Ондай пайызбен қандай қарапайым адам бизнес бастай алады?!

Кез келген демократиялық ел адамның дамуына, мүмкіндігін көрсетіп, оны жүзеге асыруына қолдау жасайды. Қарап отырсаңыз, демократиялы елдердің бәрі бай. Неге? Себебі, оларда монополия жоқ біздегідей. Банктік жүйелері азаматтарын біздегідей қарызға белшесінен батырмайды, керісінше оны байытуға жол ашады.

– Ел болашағына қатысты қандай оптимистік болжам айтар едіңіз?

– Мен өзім негізі оптимист адаммын. Қазір халық оянды. Өз құқығын талап ете бастады. Қоғам талап етсе бастады. Халық қазір өте батыл, белсенді. Қай салада болса да талаптарын қоя бастады. Енді билік халықтың осы талаптарының бәрімен санасуы керек.

– Шынайы сұхбатыңызға рақмет. Еңбектеріңіз жемісті болсын.

Сұхбаттасқан  
**Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ,**  
«Заң газеті»

дәген сөздерді ғана қолдануымыз керек. Біреуді алдын ала содыр деп айыптау кінәсіздік презиумциясын бұзу. Әрбір сөздің салмағы бар.

– Полиция мен халық бөлінісі бүгін үлкен мәселеге айналғандай. Тұтас бір халықтың мұндай аражігін қайта бітістірудің жолдары қандай?

– Құқық қорғау органдарында түбегейлі өзгеріс қажет. Қазір полиция халыққа қарсы шығып, оларды жаппай азаптап, негізсіз қамап жатыр. Халық мұндай әділетсіздікті құптамайды және оған төзбейді. Осындай мысалдардан соң құқық қорғау органдарының атына заты сай болмай тұр. Олар бүгін құқық қорғау емес, құқық бұзу органдары болуда. Оған мысалдарды бәріміз күн сайын жаңалықтардан көріп жатырмыз. Мәселен, Талдықорғандағы Азамат Батырбаевты қинағандарды «менің

Тағы бір мәселе, ешбір адвокаттың

**Қаңтар оқиғасын адам құқықтарының жаппай бұзылуы деп баға беремін. Бұл адамзатқа қарсы жасалған қылмыс. Ескертусіз оқ ату, адамды өмір сүру құқығынан айыру – үлкен қылмыс. Біз әлі күнге өлген адамдардың тізімі мен аты-жөндерін білмейміз. Мемлекет қоғамды ондай ақпаратпен қамтамасыз етпей отыр. Оны қарапайым адамдар өз бастамаларымен жинап жатыр. Қоғамға ақиқатты білу парыз.**

«қамаудан шығарып берем» деп сенімді түрде айтуға қақысы жоқ. Өйткені, оны адвокат емес, судья шешеді. Адвокат мүмкіндігінше ол азаматтың сотта қорғалу құқығын дәлелдермен қамтамасыз етіп беруші ғана.

– Қаңтар оқиғасына байланысты ақпараттарда көптеген БАҚ өкілдері «бүлікшілер, содырлар» деген тіркесті қолдануда. Осы қаншалықты дұрыс?

– Сот үкімі шықпай біз ешкімді содыр, бүлікші дей алмаймыз, оған қақымыз да жоқ. Мысалы, біздің ұйым 5-6 қаңтар оқиғаларына дәл сол кезде мониторинг жүргізді. Ол жерден біз ешқандай содыр көрген жоқпыз. Біз керісінше бейбіт наразылықтарды ғана көрдік. Атылған да сол бейбіт адамдар. Тонау, өртеу істерімен айналысқан белгісіз қылмыстық топтарды табу полицияның міндеті. Қазір біз бұл іске қатысты сезікті немесе айыпталушылар

құқығымызды қорғаушы» дей аламыз ба?! Ондай адамдар заң алдында жауапқа тартылуы керек. Ол ешқандай да тәртіп сақшысы емес, ол психикасы бұзылған садист.

– Президент Қ.Тоқаев көпшілікке «Жаңа Қазақстан» бағдарламасын ұсынды. «Жаңа Қазақстанның» жаңа заңдары қалай болуы керек?

– Конституцияға негізделген, шын мәнінде адам құқығын қорғайтын заңдар болуы тиіс. Бізде қазір екі паралай құқықтық жүйе бар. Бірі орыс тілінде жазылатын заңдар, екіншісі қазақ тіліне аударылған заңдар. Кей кездері оларды бірдей заңдар дей алмаймыз. Екі тілдегі заңның мағынасы екі түрлі, аутентивті емес. Еш елдің практикасында ондай жоқ. Бізде де ондай болмауы керек. Біз – Халықаралық құқықтық бастама ұйымы – 2012 жылы ҚР Қылмыстық кодексінің осындай

**«Адвокаттардың жұмысы балаға бір рет жолығып шығумен ғана шектеліп жатыр»**

– Қаңтар оқиғасынан кейін азаматтың заңдарды оқып отыратынын туыстары қазір жаппай адвокат іздеп кетті. Мемлекет тарапынан беріліп жатқан адвокаттарға халық сенімсіздік білдіріп жатыр. Неге?

– Адвокаттың міндеті өз кәсібінің маманы болуы ғана емес, сонымен бірге

яғни қазақ жастары осы тілдің ары қарай қарқынды белең алып дамуына үлес қосуымыз керек. Демек, біздің басты мақсат – қазақ тілінің мәртебесін көтеру.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында көптеген бағдарламалар мен жұмыстар атқарылып жатқандығы барлығымызға мәлім. Алайда, көптеген мекемелерде мемлекеттік тілді жетік білетін азаматтарды кездестіру қиынға соғады. Бұл, қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе.

Жалпы, мемлекеттік тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру бұл бұқаралық іске айналғанда ғана көздеген мақсаттарға жетуге болады. Тілді оқып-үйренуді барынша жоғары деңгейге көтеру қажет. Қазақ тілінің өз

мәртебесіне сай толыққанды қоғамдық қызмет атқаруы аса қанағаттанарлықтай емес екенін ұғына отырып, тіл туралы заң баптарының толықтай жүзеге асуы барысын ел болып қолға алу керек. Өйткені, тілге құрмет ең алдымен өзімізден басталуы тиіс. Тілге құрмет – елге құрмет. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тіпсіз халықтың өмір сүруі, тарихының сақталуы екіталай. Сондықтан да, әлем таныған ел болу үшін ең алдымен тілімізге деген құрметті арттыруымыз керек.

**А.САНЫБАЙ,**  
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты кеңесінің жетекші маманы

КИЕ

## ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ

Тіл – қалыптасқан мемлекеттің рухани, мәдени байлығын сонымен қатар салт-дәстүрлерін айқын сипаттай алатын керемет құрал. Ол әр адам баласына тумысынан дариды. Адамды мұратына жетелейтін де ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің асыл мұрамыз, қасиетті де қадірлі құндылығымыз.

Тілмен бірге тәуелсіздік ұғымы қоса жүреді. Себебі, біздің тәуелсіздігіміздің ең қымбат жетістігі ана тілімізде емин-еркін сөйлесе алуымызда. Еліміз егемендігін жариялағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Еліміздің мемлекеттік тілі ретінде қазақ тілі белгіленді. Ендігі уақытта біздер,



ТҮЙТКІЛ

## ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР ШЕКАРАДАН СҰРАУСЫЗ ӨТУДЕ

Қазақстанда жинақталған қалдықтардың саны қазір 2,8 млрд тоннаны құрайды. Оны экология, геология және табиғи ресурстар министрі Парламент Мәжілісі депутаттарының қарауына «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» заңының 11-бабына сәйкес өзгерген «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қалдықтардың трансшекаралық өткізілуі туралы келісімді ратификациялау туралы» ҚР заңының жобасын ұсынған кезде айты.

Серіккали Аманғалиұлының сөзіне қарағанда, қауіпті қалдықтар Қазақстанға сырттан да әкелінеді, экспортқа да шығарылады. Мысалы, 2018 жылы Ресейден 1 778 518 тонна күл-кож қалдықтары әкелінді, өңдеу мақсатында Қырғызстанға 65 мың тонна түйіршіктелген домна пешінің кожы, 2020 жылы Өзбекстанға 60 мың тонна мұнай қалдықтарының қоспалары әкетілді. Қарағанды, Павлодар, Ақтаудан экспорт, Қостанай облысы мен Өскемен қаласынан импорт жүзеге асырылды.

«Жеке тұлғалардың жеке пайдалану үшін қалдықтарды трансшекаралық өткізуге тыйым салынады. Келісім талаптарын сақтау Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында қауіпті қалдықтарды өткізудің бірыңғай тәртібін белгілеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ қауіпті қалдықтарды экологиялық негізделген түрде жоюға және қайта өңдеуге, қоршаған ортаның ластануын болғызбауға алып келеді. Осылайша, тараптар осы келісімге және тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес қалдықтардың

трансшекаралық орнының ауыстырылуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын болады. Тараптар қалдықтарды көму және залалсыздандыру мақсатында олардың трансшекаралық тасымалдауына жол бермейді. Келісім теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды», – дейді министр С.Брекешев. Оның сөзіне қарағанда, трансшекаралық орын ауыстыруға жататын қалдықтардың негізгі түрлері күл-кож, қорғасын шламдары мен кектер, мұнай қоспаларының қалдықтары, домна шлактары және құрамында полихлордифенил бар қалдықтар болып табылады. Келісім 2014 жылғы 29 мамырда Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады. Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт осы одаққа мүше мемлекеттердің үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеудің бірыңғай шараларын қолдануын көздейді. Қазақстанда қауіпті қалдықтарды әкелу, әкету транзитін заңнамалық реттеу Базель конвенциясы және Экологиялық кодекс нормаларымен жүзеге асырылады. Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге қатысты әкелу және әкету кезінде лицензиялық тәртіп қолданылады. Қауіпті қалдықтардың экспорты мен импортына лицензия беруді министрлік 2019 жылдан бастап, яғни ол құрылғаннан бастап жүзеге асырады. Қалдықтарды экспорттайтын және импорттайтын кәсіпкерлер Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкелуге және әкетуге рұқсат беру тәртібі белгіленген тауарлардың тізбесін басшылыққа алады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

БАСТАМА

### ҚР Азаматтық процесілік кодексіне азаматтық процесілік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша толықтырулар енгізіліп, жаңашылдықтар жыл басынан қолданысқа енген болатын.

Осы өзгерістер аясында Азаматтық процесілік кодексіне «Сотқа дейінгі хаттама» ұғымы пайда болды. Жаңашылдықтың басты мақсаты дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу мәселелерін дамыту болып табылады.

Жобаның жүзеге асырылу тәртібіне келетін болсақ, татуластырушы судья талап түскен күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей тараптарға сотқа дейінгі хаттама жасау құқығы түсіндіріле отырып, татуластыру рәсіміне қатысуға шақыру жібереді.

Әңгімелесу барысында тараптарға сотқа дейінгі хаттаманың тиімділігі мен салдары түсіндіріліп, ол бойынша пікір сұралады. Тараптар келіссе, оларға хаттаманың нысаны ұсынылады және оны рәсімдеу мерзімі белгіленеді.

Сотқа дейінгі хаттамада тараптар дәлелдемелерді көрсете отырып, дауды

## ЖОБА СӘТТІ ІСКЕ АСУДА

бейбіт жолмен реттеудің нұсқаларын ұсынады. Тараптар сотқа дейінгі хаттаманы толтыру арқылы татуласа, татуластырушы судья 15 күннен кешіктірмей талапты өндіріске қабылдау туралы ұйғарым қабылдайды. Сондай-ақ, тараптар ұсынған келісімнің заңға қайшы келмейтінін, келісім шарттарының орындалуы басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтынын тексеріп, келісімді сот ұйғарымымен бекітеді.

Көріп отырғанымыздай, дауды сотқа дейінгі хаттаманы жасау арқылы аяқтау тараптарға азаматтық іс қозғалғанға дейін дәлелдемелермен алмасуға, сол арқылы даудың нәтижесін пайымдауға, уақытын үнемдеуге, сондай-ақ бұрынғы қарым-қатынасты сақтап қалуға мүмкіндік бермек.

Мәселен, Шиели аудандық сотында 2 некені бұзу туралы және 2 қарыз соманы өндіру талап сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы татуласумен аяқталды.

Аталмыш талапта татуластырушы

судьямен жоғарыда көрсетілген тәртіп бойынша әрекеттер жүргізіліп, дауды татуластыру рәсімдері арқылы шешу құқықтары және оның құқықтық салдары, сондай-ақ сотқа дейінгі хаттаманың тиімділігі түсіндірілген.

Нәтижесінде тараптар, сотқа дейінгі хаттаманы толтыру арқылы татуласып, ерлі-зайыпты ретінде әрі қарай өмір сүруді жалғастыруды қалайтындарын көрсетіп, ал қарыз ақшаны өндіру туралы талап бойынша жауапкерден қарызды қайтаруды міндетіне алған.

Негізінен, «Сотқа дейінгі хаттама» жобасы іске асқан елдерде даулардың басым бөлігі сотқа дейін шешілген. Сондықтан тараптардың осы жоба аясында өз дәлелдемелерін бір-біріне алдын ала ұсынуы нәтижесінде қоғамдағы дау деңгейі азаяды деп сенеміз.

Ж.САРБАСОВА,  
Шиели аудандық  
сотының судьясы  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ИГІ ІС

## «ОТБАСЫЛЫҚ КЕҢЕС» КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ

Сарыкемер ауылында Байзақ аудандық Азаматтардың хал актілерін тіркеу (АХАТ) бөлімі ғимаратында «Отбасылық кеңес» кабинетінің салтанатты ашылуы өтті.

Іс-шараға судья А.Телесбаева, аудан әкімінің орынбасары Д.Дәулетов, бөлім басшылары, аудандық АХАТ бөлімінің басшысы С.Сқақов, Билер кеңесінің төрағасы мен мүшелері, медиаторлар қатысты.

Оны аудан әкімінің орынбасары Д.Дәулетов өз құттықтау сөздерімен ашып, «Отбасылық сот» пилоттық жобасы аясында «Отбасылық кеңес» кабинеті негізінде, отбасылық қарым-қатынастарды реттеу, оңалту, жақсарту мақсатында, тараптарға неке-отбасылық құқықтарын қорғау бойынша мәлімет беру, түсіндіру үшін ашылғандығы жайлы айтып жеткізді.

Судья А.Телесбаева аудандық АХАТ



бөлімі ғимаратында «Отбасылық кеңес» кабинетінің ашылуы барысында ерлі-зайыптылардың арасындағы некені бұзу азайтылып, психологтар, Билер кеңесі мен медиаторлардың көмегімен тараптар татуласып, отбасыларын сақтап қалу мүмкіншілігі артатыны айтылды.

«Отбасылық кеңес» кабинетінің ашылу салтанатынан кейін қатысушылар мұндай кабинеттердің облысымыздың барлық аудандарында ашылу керектігін жеткізді.

Байзақ аудандық сотының  
баспасөз қызметі  
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

## БІТІММЕН БІТКЕН ІСТЕ БЕРЕКЕ БАР

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі.

Медиация белгілі бір дауды мәселені реттейтін институт. Алайда, оның ақпараттық насихат жұмыстары аз. Заң Қазақстанда медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды. Елімізде дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде 2011 жылдың 28 қаңтарында «Медиация туралы» заң қабылданды.

Аталған заң жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан, сондай ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер

МЕДИАЦИЯ

Медиация – қоғамды біріктірудің басты күші ретінде келісімге келу, даулар мен келіспеушілікті өзара тиімді шешімге келтіру, азаматтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша соттан тыс реттеу, шешу.

## МӘМІЛЕ АЛАҢЫ



Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Азаматтардың көбі асығыс жағдайда, уақытша екпе-реніштің салдарынан сотқа жүгініп жатады. Медиация араздасушы тараптарға мүмкіндік береді. Түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, онтайлы шешімге келуіне бағыт береді. Медиациялық заң көп жағдайда тиімділігімен қоса пайдасын да тигізіп жатады.

Қазіргі таңда татуласу рәсімін жүргізу барысында тараптарды ғана емес, сонымен қатар тараптарға татуласуға көмектесетін басқа да адамдарды шақыру құқығы берілген. Айта кету керек, сот тараптарды татуластыру үшін шаралар қолданады және оларға дауды тек талап қабылданғанға дейін ғана емес, процесінің барлық сатыларында реттеуге көмектеседі.

Соттың медиативтік (бітімгершілік) келісімді бекітуі тараптарды татуластыру рәсімдеріне жүгінуге сендіретін шешуші факторлардың бірі болып табылады. Көптеген адамдарға соттың келісімді бекітуі орасан мән мен күш береді, өйткені келісім жасаудың толық еріктілігіне қарамастан, ол міндетті түрде орындалуы керек. Бірақ сіз өзіңіз келіскен нәрсені орындау сот шешімін орындаудан гөрі әлдеқайда оңай және жағымды екенін түсінгеніңіз дұрыс.

«Дау мұраты – бітім» деп Сырым бабамыз айтқандай, татуласу, бітімгершілік рәсімінің аясын кеңейтуге, халықтың дауды сотқа дейін реттеуге мүдделі етуге, қоғамдағы шиеліністерді төмендетуге оң ықпал ететін аталмыш заң қарқынды жалғасуда.

Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Токсан рулы елдің дауларын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеп, татуластырып отырған дана бабаларымыздың бітімгершілік саясаты егеменді елімізде жаңа

серпінмен қолға алынуы құптарлық жайт.

Қазақтың қанында бар бітімгершілікті дамытқан бұл заң 2011 жылы 28 қаңтарда қабылданғаны белгілі. Одан бері 10 жыл өте шыққан екен. Осы уақыт аралығында медиация тәртібімен көптеген дау оң шешімін тауып, екі жақты тараптарды қанағаттандырды.

Медиация тараптары медиаторды, медиация рәсімін, ондағы өз ұстанымын, оны талап ету тәсілдері мен құралдарын таңдау кезінде, ақпарат алу кезінде, дау-шарды реттеу туралы келісім шарттарының қолайлылығын бағалауда тең құқықтарды пайдаланады және өздеріне тең міндеттер жүктейді.

Медиация осы заңның талаптарына қайшы келмейтін тараптар келіскен тәртіп бойынша жүргізіледі.

Медиаторлар ұйымдары бекіткен медиацияны жүргізу тәртібі тараптардың келісімімен қолданылуы мүмкін.

Медиатордың қызметі кәсіби және кәсіби емес болуы мүмкін. Отставкадағы судья немесе жиырма бес жасқа толған, кез келген салада жоғары білімге ие, медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша сертификат алған азамат кәсіпқой медиатор бола алады. Оның қызметі ақылы және ақысын тараптар өзара келісіп төлейді.

Қоғамдық медиатордың рөлін судья немесе қырық жасқа толған азамат атқара алады. Барлық медиатор арнайы медиаторлардың тізімінде тіркелуі қажет.

Мемлекеттік қызметкер, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, қылмыстық қудалауға ұшыраған, өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам медиатор бола алмайды.

Асхат САБЫРОВ,  
Қызылорда облысының  
қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
сотының төрағасы

оған өзара келіскен жағдайда ғана татуласу келісімі бекітіледі. Ең бастысы, шешім орындалмай қалмауы керек. Тараптар өзара келісімге келу арқылы өзіне жүктелген міндеттемені де дер кезінде орындауға міндеттенетінін қаперінде ұстауы шарт. Келісім ерікті түрде орындалмаған жағдайда талапкердің өтінішхаты бойынша сот берген атқару парағын мәжбүрлеп орындатуға құқылы.

Татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтінішхат, егер осы кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын істерден басқа, талап қою ісін жүргізудің кез келген іс бойынша берілуі мүмкін.

Медиатордың негізгі міндеті – екі тарапты татуластырып, бітімгершілікке келтіру. Бітімгершілік – дауды шешудің озық әдісі. Ұсақ-түйек келіспеушіліктердің бітімгершілікпен шешілуі, қиын істердің сапалы қаралуына ықпал етіп, азаматтардың уақытын үнемдеп, сот барысында орын алатын моральдық, материалдық қиындықтардан құтқарады. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етеді.

О. А. ЛДАБЕРГЕНОВА,  
Маңғыстау облысының  
қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық сотының  
бас маманы



КӨЗҚАРАС

## САНДЫҚ ФОРМАТ САПАНЫ АРТТЫРДЫ

2022 жылдың 11 қаңтары күні Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Парламент Мәжілісінің отырысына қатысып, елде орын алған оқиғалардан кейін алдағы уақытта әлеуметтік-экономикалық дамуға қатысты жаңа сайланған үкімет алдына нақты тапсырмалар қойды. ҚР Президенті Қ.Тоқаев өз сөзінде елде цифровизацияны дамыту саласында сөзден нақты іске көшетін уақыт келгенін баса айтты. Мемлекет басшысы елдің экономикасын дамыту үшін цифрлы технологияларды белсенді ендірудің маңыздылығын анықтап көрсетті.

2017 жылы Қазақстан «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын қабылдаған болатын. Бұл бағдарламаның мақсаттары Қазақстан экономикасын дамытудың қарқынын жылдамдату мен орта мерзімді келешекте цифрлы технологияны

қолданудың есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болатын.

Қазіргі күні сандық формат елімізде жалпы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін қызмет жасап жатқаны белгілі. Тіпті, цифрлы технологиялардың қазақстандық қоғам өміріне терең еніп кеткені соншалықты, барлық қызмет түрлері қазіргі кезде электронды формаға ауысқан. Бұл өз кезегінде халықтың мемлекеттік қызмет түрлерін алуын жеңілдетіп қана қоймай, бюрократияны азайтуға мүмкіндік береді.

Цифрлы технологияларды ендіру бойынша жұмсалған күш-жігер халықтың қоғамдық санасының жаңғыруына тікелей ықпал жасай отырып, бұрынғы қоғамның бет-бейнесінің тү-

бегейлі өзгерісіне алып келуі тиіс. Яғни, цифрландыру бойынша әлемдік озық тәжірибелерді ескере отырып, оның пайдалы жақтарын елдегі әлеуметтік-экономикалық даму мен қоғамдық қатынастарды жақсарту үшін үздіксіз қолданып, жетілдіріп отыруымыз қажет. Цифрлы технологияларды көптеп тарту мен оларды енгізу әлемдік бәсекелестікте Қазақстанның орын анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылатындығын естен шығармауымыз қажет.

**Нұркен АЙТЫМБЕТОВ,**  
Философия, саясаттану және дінтану институты саяси зерттеулер орталығының жетекші ғылыми қызметкері, PhD докторы

ЖЕГІҚҰРТ



## ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ ҚАС ЖАУЫ

Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде. Десек те, жемқорлықпен күрестің барлық елге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекеттің сыбайлас жемқорлықпен күресу әдісі өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты 2019 жылғы 20 мамырда өткен кеңейтілген жиын барысында қарамағандығы қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін бірінші басшылардың жауапкершілікке тартылу мәселесін ерекше атап өткені баршамызға мәлім. Осы мәселені түпкілікті шешу үшін жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттің алдын алу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Ол басқа елдер сияқты, бізді де айналдырған өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайдылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың деңдеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруға ынта танытпай, жұмыс жүргізбей де жемқорлықтың тамырын тереңдетіп түседі. Сондықтан бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағым, өтініштері. Кеселге қарсы тұру үшін жемқорлық деректерін әшкерелеуде белсенді болған жөн.


**М.КУНАЕВ,**  
Мұғалжар аудандық №2 сотының  
аға сот приставы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ПІКІР

## ЮВЕНАЛДЫ СОТТАРҒА ЖҮКТЕЛЕР ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖОҒАРЫ

Биыл кәмілетке толмағандарға қатысты қылмыстық, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарап және олардың мүдделерін қорғайтын мамандандырылған ауданаралық соттардың құрылғанына он жыл толып отыр. 2012 жылы 4 ақпанда Мемлекет басшысының «Кәмілетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарды құру туралы» Жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасындағы ювеналды әділет жүйесін дамытудың 2009–2011 жылдарға арналған тұжырымдамасына орай еліміздің түкпір түкпірінен кәмілетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылған болатын.

Солардың бірі Алматы облысындағы №2 кәмілетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Қарасай ауданы Қаскелең қаласында құрылып, Алматы облысының Қарасай, Жамбыл, Іле, Еңбекшіқазақ, Талғар және Райымбек аудандарын қамтитын кәмілетке толмағандарға қатысты азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істерді қарайды. Президент Жарлығына сәйкес Алматы облысының №2 кәмілетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық со-



тының алғашқы төрағасы болып Фархад Абдуллин тағайындалған.

Аталмыш сот жүйесінің құрылуынан бастап, қалыптасуына дейінгі кезеңде біліктілігін аямаған Фархад Фазылжанұлынан соң 2014 жылдың 8 шілдесінен бастап сотқа Берік Тілеуғалиұлы Күзенбай төрағалық етті. Ал 2019 жылдан бастап сот құрамы кейіне түсті. Төраға болып Жанар Адайбекқызы Бейімбетова тағайындалып, судья Нұрлан Төрханұлымен қатар кеңсе меңгерушісі мен кеңсе мамандары және сот психологы халыққа қызмет ете бастады.

Сот менің де алғаш құрылған жылдары судьялық қызмет еткен жерім. Балалар тағдырымен тікелей байланысты сот жүйесі болғандықтан жауапкершілігі де жоғары еді. Ювеналды соттар кәмілетке толмағандардың құқықтары мен

мүдделерін сақтаумен байланысты мәселелерді кешенді түрде шешуге ықпал етеді. Дер кезінде құрылған бұл сот Қазақстанның сот жүйесінде бала мен отбасындағы құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Бұл сот жүйесінде алуан түрлі істер қаралады. Күнделікті балаларға қатысты істермен айналысатын судьялар салада қордаланып қалған мәселелерді де жақсы біледі. Соның ең бастысы, жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау мен орналастыру, олардың құқықтарын қорғау, патронаттық тәрбиешілерге бақылау жүргізу, асырап алушылардың есебін жасау, бөлек тұратын ата-аналардың балаларымен кездесу уақытын белгілеу, ата-ана құқығынан айыру туралы сотқа талап-арыз жолдау секілді салада қордаланған мәселелер өте көп. Сондықтан, сот жұмысы айтарлықтай күрделі деп айта аламыз.

Атап өтер жайт, кәмілетке толмағандар үшін сот әділдігінің мақсаты оларды қоғамнан алшақтату емес керісінше тұлғаның әрі қарай қылмысқа ұрынуын болдырмау және баланың әлеуметтік ақталуына септігін тигізу. Жанар Адайбекқызы «Қызметімде ең керемет сезімге бөленетін сот бала асырап алу жөніндегі шешімді жариялау» дейді. Әрбір баланың жаны

на терең үнілетін сот мамандары олардың тағдырына да жандары ауырады.

Биыл барыс жылын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балалар жылы деп жариялады. «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті был Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпы ұлттық міндетіміз» – деді. Демек бұл жылды тек ұрандап немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында балаларды қорғау мақсатында нақты іс-шаралар жасалуы керек. Осы орайда ювеналды әділет жүйесін дамыту мемлекеттің әлеуметтік-құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі деп айта аламыз. Он жылда бала тағдырына тиімді ықпал етуге тырысқан сот жүйесі алдағы уақытта да жұмыс сапасын жетілдіре түсетініне сенімім мол!

**Қалима ДУАНБЕКОВА,**  
Әуезов аудандық сотының судьясы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТАРАТУ

3. «AishaAgro» ЖШС (БСН 191040005080), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 40 үй, 8 пәтер.

4. «Fit Credit» МҚҰ» ЖШС, БСН 200240031969, қызмет түрінің өзгеруіне байланысты 12.02.2021 ж. №15.21.0001.М. микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтататыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, СҚО, Петропавл қ., Н. Назарбаев к-сі, 87 үй, т.е.б. 49. Тел.: 87776063452

5. «Павлодар қаласының №13 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ БСН 970440002328 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 45/1 құрылыс тел.: 8(7182)316593.

7. «Жаркешова» ЖШС, БСН 030740008392 (Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Атасу кенті, Ақселеу Сейдімбеков көшесі, 39

үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, А.Оспанов көшесі, 41-1 үй. Тел.: 87012559987.

8. «Отанбейнеу» ЖШС ұйымы, БСН 190440039581, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу селосы, Ақшабайұлы көшесі №8 а ғимараты. Тел.+77754243222.

### БАНКРОТТЫҚ

10. Алматы қаласының МАЭС-нің 06.01.2022 жылғы анықтамасы бойынша «Торговый Дом АО «Навоийазот» ЖШС-ге банкроттық іс қозғалды БИН 160240026537.

### МҰРАҒЕРЛІК

6. 10 қазан 2021 жылы қайтыс болған Қарибаева Улжалғастың артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев к., 60/2. Тел.ноմ: 87773677972.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-al@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстого көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIFOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalyubayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Круцкая көшесі, 61, кеңсе 23.



Малын қоралап, аулада аз-кем аялдаған жігіт түнере төнген қара-қошкыл бұлттарға сүзіле қарады. Аспан жаңа ғана бір шөккір бұлтсыз ашық тұрған еді. Әп-сәтте қап-қара болып айналаны қараңғы етіп жіберді. Ертерек шаруасын бітіріп алмақ болып асыққан жігіт денесін суық сора бастағанда үйіне кірді. Сырт киімін шешіп, қолын шайды. Пеш түбінде үйелмелі-сүйелмелі қос ұлы ойнап отыр. Анасының қою күрән шайын ұрттай бергенде, сау етіп екі қызыл жағалы кіріп келді. Екеуінің түрі тіпті сұсты көрінді. Жүрегі зу етіп, бір жайсыздықты сезгендей. Алайда сыр бермеді. Бағанағы Айбар асыққан болды ғой. Әлде, әйелі бірденеңі бұлдірді ме екен? «Дарханов сіз боласыз ба? Тезірек киініп, бізбен бірге жүріңіз! Сізді тергеуші тосып отыр. Жауап алады» деді төрге бұрын озған ұзындауы. Дастарқан басындағы кейуана да абырап, балалар да жәутендеп Елдарға қарай берді. Лезде есін жинап үй иесі:

– Шақырту қағазың қайда? Тергеушінің менде қандай жұмысы бар? Тағатын кінәң бар ма? Жұмыстан келіп, малыңды қоралап, үйге қазір ғана кірдім, – деді сабырлылықпен.

– Оны біз білмейміз. Біз басшылықтың берген тапсырмасын орындауға келдік. Сұрақ алып жіберетін шығар, – деді егделуеу полицией.

Полицейді көрсе әзірейілдей қорқатын баяғының адамы емес пе, шүйкедей кемпір әп-сәтте бүрісіп, шынашақтай болып қалды. Балалардың жүрегі де жамандықты сезді ме үнсіз егіліп, көз жастары тулаққа мөлт-мөлт тамды. Полицейлермен салғыласпай сырт киімін кигенде қолына кісен де салынды. Жасымады. Анасына тік қарап, тазалығын, кінәсіздігін аңғартып бақты. Қос ұлдың көз алдарында ешнәрседен қорықпайтын, батыл бейнесін көрсете білді. Тек әйелінің опасыздығы, ауылдасы Айбардың жымысқы әрекеті жанын жегідей жеп барады.

## Қапас

...Тар қапас. Сығырайған шам да сөнді. Қараңғылық шашыраған ойын бір арнаға тоғыстыра бастады. Ойы сан-саққа жүгіріп шашырап кеткенмен, еңсесін түсірмей бойын тіктеді. Еден суығына оқтын-оқтын төбеден себезілген салқын ауа қосылып, денесін тоназтыса да іші қайнап тұр. Момын екен деп басынғандары ма? Намыстанды. Ашуланды. Бірақ қалшылдап мұздап темір есікті тоқпақтаудан шаршап, әлсіреп босағаға сүйеніп тұрғанында шикылдап есік ашылып, маңғаз сержант кіріп келді.

– Сыртқа шық, бетіңді қабырғаға бұр, – деді өктем дауыспен. Енгезердей полицей алдына түсіріп, жінішке дәліз арқылы тағы бір темір есікке итеріп кіргізді. Түк түсінбей антарыла аз-кем тұрып, алакеуімге көзі үйренгенде төрде отырған ауылдасы шикіл сары мойорды көрді. Ол кісісіне шіреніп:

– Кеше кешқұрым ауылдасың Айбарды қалай өлтіргенді ұмытқан жоқсың ба? – деп әзірейді.

– Ауылдасың... Сен сырттан келіп пе едің? Нені шатып отырсың? Сен полицей, ол көше жүлігі, мен жүргізуші болсам да бір ауылда өстік қой. Нақақтан жала жаппа. Тазамамын. Айбардың басынан бір ұрғаным болмаса, өлімші ете қойғам жоқ, – деп екпінденгенмен, өлім туралы естігенді есенгіреп қалды. Сонда қалай болғаны? Мұның бір жұдырығына жығыла қалатындай Айбар осал жігіт емес. Оның көше жүлігі екенін, төбелессіз өмір сүре алмайтынын елдің бәрі біледі. Мүмкін өз ажалымен көз жұмған адамның өліміне мені кінәлі ете салайын деп отырған шығар... Осы сұрақтарды шетінен қоя бастаған. Қанша дегенмен, бұл тергеуші де бір ауылда өскен жігіттің бірі. Ауылдасын нақақтан түрмеге қамай қоймас. Алайда, Елдардың сұрағына жауап бермек тұрмақ екіленген майор:

– Бұл жерде сұрақты мен қоямын. Сен жауап беруің, таққан айыпты мойындауың керек, – деп соңғы әлсіз үмітін өшірді де тастады. Қорғаушысын күтпей

іс қағазына «айыпталушы» деп жазып, бейкүнә жігітті сауықтыру камерасына қайта тыққан соң, үлкен жұмыстың басын қайырағандай болып, бастығына есеп берді.

## Базардағы жанжал

... Қайыстай қатқан қара келіншек алып-сатуға шебер-ақ. Алдына келген адамның іші-бауырына кіріп, арзан за-



тың қымбат бағаға өткізуге де машықтанып алған. Неге екенін, өзінің берекесі жоқ. Табуын тапқанымен ақшаны ұқсата алмайды. Бүгінгі пайдасы да тәуір. Ақша алақанын жылытқан соң байыз тауып отыра алмады. Базарда қатар сауда жасайтын көршісінің көзін ала беріп бұрыштағы асханаға зып берді. Бір бұрышта мұны тосып отырған Айбар ығыса орын босатып, ашы судан жұтқызып жіберді. Сәлден кейін ел көзінен тасаланғысы келген екеуі асхананың түкпірі жағына барып орын тепкен. Айбарды көргенде Сағыныштың некелі жарын ұмытатын әдеті. Бұл жолы да сүйіктісіне жабысып отыр еді, Елдар кіріп келгенде кірерге тесік таппай саскалақтап қалды. Күйеуінің онайшылықпен қозғала қоймайтынын біледі. Ал бір ашуланса қасиелі киіні. Соны білетін келіншек күйеуі Айбардың жағасынан ала кетіп, шірене жұдырық жұмсағанда орнынан тұра салып көзден ғайып болған. Ары қарай төркініне тайып тұрды. Ашулы басылғанда бармаса, дәл қазір Елдардың көзіне түсудің қажеті жоқ.

## Долбар

Елдардың әйелінің жеңіл жүрісті екенін бүкіл ауыл білетін. Полицейлер осы мәселені ұтымды пайдаланып кетті. Оқиға орнына барып қайтқан бас полицей Айбар мен Елдардың төбелесіне куә болған адамдарды ғана сөйлетті. Ары қарай бәрі белгілі деді ол. Осы долбар бойынша адам өлімін айқындайтын оқиға ойдан құрастырылды. Негізгі себеп – кісі өлтіруші жігіт әйелін қызғанды. Айбар мен әйелінің арасындағы жақындықты естіген соң ашуланып базарға барды. Өзін қорлаған Айбармен ересесті. Тіресіп тұрып пышақты жүрек тұсына, санына малып алды. Ірі қараны бір демде боршалап тастайтын жігітке өзіндей жігітті өлтіру қиын болар деймісің? Оның үстіне, қызғаныш пен намыс жүрегің тілгілеп тұрса... Ашулы жандар мұндайда неге болсын тәуекел етеді.

Ақыры сот болды. Қылмыстың салдарын құқықтық айыптаушы аудандық сот процесінде сыдырта оқып шықты. Қылмыстық кодекстің 99-бабы, 1-тармағы «Адам өлтіру, яғни басқа адамды

қасақана қазаға ұшырату – сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» деген заңнамаға сүйене оқыған үкімге сай бейкүнә жан 10 жылды арқалап кете барды...

## Жанашыр

Аманжол Елдармен тай құлындай тебісіп бірге өсті. Екеуінің анасы жақын

сашы. Соны көрген үлкендердің барлығы Елдарды балаларға үлгі ететін еді. Бірақ, шаруаға мықты болғанымен, Елдардың сабаққа қыры болмады. Ауылда қалып қойғаны да содан. Оның үстіне, өзіне үміт артқан апасын қалаға сүйрелегісі келмеді ме, кім білсін. Кейіннен ауылдың бір пысық қызына үйленді. Сөзі де, өзі де ширақ келіншегі жұрттың бәріне жаққан. Тек күйеуінің момындығынан бұл әйел бетімен кеткен секілді. Мына оқиғаның орын алып, оған Сағынышқа

жаймаласып, Бұлбұл апай жасаған қуырдақтан ауыз тиіп кештетіп үйге қайтық. Мен үйге жетіп малды қоралағанша тұн болды. Енді үйге кіргенім сол еді, екі полицей алды да кетті. Содан түрмеден шықпадым.

## Болжам

Елдар Нұрғазиевтің қылмыстық ісін алдыртқан Аманжол құжаттың аздығына, папканың жұқалығына таңғалды. Адам өліміне қатысты істерде әдетте папка қампып, құжатқа толы болады. Ақтарып қарап отыр. Сот-медициналық сарапшылардың пайымынша Айбар Есіркеповтың өлімі кешкі төрт-бестің шамасында болған. Сараптамада көрсетілгендей, марқұм көп қан жоғалтқан. Өлім жүрек пен санға сұғылған пышақ жаракатынан болған.

Іске бар болғаны екі куәгердің түсінігі тіркеліпті. Оның екеуі де Елдардың Айбарды асханада ұрғанын көрсеткен. Куәлар Айбардың асханадан аман шыққаны, Елдардың ауылдасымен бірге автотұраққа кеткені жөнінде жақ ашпапты.

Сол күні шұғыл апелляциялық алқаға шағым жазған адвокат оқиға куәгерлерін өз бетінше іздеуге кірісті. Айбар мен Елдардың асханадағы жанжалын көргендердің бәрін сөйлетті. Аспаз Гүлдана да, даяшы Сәуле де Елдардың Айбарды жұдырықпен бір ұрғанын айтып, асханадан екеуінің екі жаққа кеткеніне куәлік етті. Елдардың асханадан кейін таксиге мінгенін, соғым союға қатысқанын ауылдағы бір топ адам дәл уақытын көрсете отырып айтып берді. Сонда Айбарды өлтірген кім?

Осы сауалдың жауабын іздеген Аманжол базар маңындағы бейнежазбаларды сұратқан. Прокурордың рұқсатымен бес камерадағы бүкіл жазбаны екі күн тапжылмай отырып қарап шықты. Сондағы көргені, расында Айбар асханадан қашып шыққан. Бірақ қабағы жарылып, шекесінен кішкене қан көрініп тұрғаны болмаса, базардың келесі басындағы күзетшілер бөлмесіне өз аяғымен кірген. Одан арғы жағы беймәлім. Өйткені, осы есікке кіргеннен Айбардың шыққаны жазбада жоқ. Оқиға орын алғаннан кейінгі бір апта уақытты қарап шықты, жоқ! Сонда Айбар қайдан шығып кетуі мүмкін? Өлім орын алды деген кезде бөлмеге полиция формасындағы бір адамның кіргені байқалады. Тек ол да бұл есіктен шықпаған. Әлде бар құпия үй артындағы тұйық ауладан базарға кірген көлікте ме?

## Шешім

Ойы он саққа бөлінген Аманжол кештетіп болса да базарға барып, күзетшілер бөлмесін өз көзімен көрмек болған. Бәр жағы шағын көрінгенмен, күзетшілер бөлмесінің аумағы үлкен екен. Айбардың есіктен шықпауының да себебі табылды. Үйдің келесі жағына қараған есік тұйық аулаға барып тірелетін болып шықты. Яғни, Айбар ажалын осы жерден тапқан. Бар кілтпен – полицияда. Ол да есіктен кіргенмен, бейнежазбада тұйық ауладағы көлікке мініп шыққаны анық көрініп тұр. Біреудің көлігін не үшін мінген? Жазбада күзет бөлмесінен әрі-бері шығып мазасызданған үш адамның бейнесі анық көрініп тұр. Олар полиция келіп, ол ауланың сыртындағы көлікті сыртқа шығарып кеткенде ғана тыныштанғандай әсер қалдырады. Әрі қарайғы жұмбақты ізкесушілер еншісіне қалдырған Аманжол қолындағы бар құжатпен апелляциялық алқа шешімін күткен.

Адвокат ұсынған дәлелдер мен куәгерлер сөзіне сүйенген сот Елдарды толық ақтады. Сонымен бірге Айбардың өліміне қатысты қылмыстық істі қайта тергеуге жіберді. Бұл жолы күзетші бөлмесі мен күдікті көлікті жігіт тіптен ізкесушілердің қылмыскерді қапысыз табарына күмән жоқ. Ол енді Аманжолдың шаруасы емес.

**Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,**  
Алматы облыстық адвокаттар алқасының мүшесі

# БЕЙКҮНӘ

қатысты сыпсын сөздің себеп болуы соның дәлелі.

Сол күні Айбүбі апасының да, Сағыныштың да уәжін тындаған. Біраз мәліметті көңіліне түйген адвокат келесі күні Семейдегі қатаң режимдегі түрмеге жол тартты. Ондағысы – Елдармен көз-кез сөйлесе.

Адвокатпен кездесуге түрме басшылары кедергі келтірген жоқ. Елдарды сол сағатта-ақ кездесу бөлмесіне жеткізген. Досы тамаққа сұғынбаған соң, көріс көршісі берген дәрілік майдың бір қасығын қинап отырып ішкізіп еді, мандайы жіпсіген Елдар барын ақтарып салды. Аманжолға керекі – бүкпесіз шындық. Айбар көз жұмған күні Елдар қайда болған? Оның сөзін растайтын куәгерлер бар ма?

– Елдар, асығып, аптығудың керекі жоқ. Мүмкіндігінше сол күні не істегенді сағат, минутына дейін есіңе түсіруге тырысың. Айбармен қашан жолықтың, оны кімдер көрді? Одан кейін қайда бардың?

– Бұл тура кіші ұлымның туған күні еді. Өміржанның 5 жасқа толуына велосипед алып берем деген уәдем болатын. Соны орындау үшін базарға келдім. Әйелімнің осы жерде ұсақ-түйек сататынын естіген шығарсың. Мен базарға келгенде түстің кезі боп қалды. Сағынышты іздеп едім, орнынан таппадым. Көрші келіншектің айтуымен асхана жаққа барғам. Ішіне кірсем Сағыныш жоқ. Енді шыққалы тұрғанында асхананың түкпірі жағынан сылқылдап күлген әйелімнің дауысын естідім. Қарасам тамақ дайындайтын бөлмеде Айбардың тізесінде отыр екен. Аппақ білектерін жігіттің мойнына асып алыпты. Анау да жай отырған жоқ. Қолдары Сағыныштың денесін аралап жүр. Екеуінің әрекетіне көздері үйренген бе, аспаздардың ешқайсысы екеуін елеп те жатқан жоқ. Қатты ашуландым. Айбар – өзіміздің ауылдың жігіті. Асханада жұмыс істеп жүргендер де біздің ауылдан ауданға барып-келіп жұмыс істейтіндер. Сонда бұлардың бәрі Сағыныш пен Айбардың жақын екендерін білетін болып тұр ғой. Ой деген жүйрік емес пе. Қанша өзімді басуға тырысқанмен, жетіп барып Айбарды жағадан алып, бір жұдырықтағанымды білем. Мені көре салып Сағыныш сыртқа қарай қаша жөнелді. Ал басқалар екеуімнің арасында түсіп, айқай-шу болып жатқанда Айбар да сыртқа сытылып үлгерді. Оны әрі қарай ұратын ойым да болған жоқ. Сол ашулы қалпымен ауылға баратын таксистердің жанына қалай жеткенімді білмей қалыппын.

– Сенің базардан шығып, таксистерге барғаныңды көргендер бар ма?

– Әрине, мені бірденге арандап қалмасын деді ме, көрші Айбек автотұраққа дейін бірге ілесіп келіп, сол жерден Бексұлтан ағаның маздасымен ауылға жетіп алдық.

– Қай Бексұлтан, баяғы бізге физикадан сабақ беретін ағай ма?

– Иә, дәл өзі. Ағай да, Айбек те мұндай мәселені ашумен шешуге болмайды деп жол бойы ақылдарын айтып келді.

– Яғни, сенің Айбарды ұрғаныңды, оның сол арадан тез қашып кеткенін көргендер бар ғой. Таксиге мінгенді Бексұлтан ағай мен Айбек айтып берер.

– Ауылға жеткен соң Ыбырайым атаның үйі соғым сойып жатыр екен. Айбек екеуіміз қас қарайғанға дейін етін

## Ізденіс

Туған жерге келген соң алдымен Айбүбі апасының шаңырағына түскен. Баяғы бала күнде асыр салып ойнаған қара ошақ әлі сол қалпында қалып тұр. Сол кезде еңселі көрінетін үй аздап пас тартқандай. Қалғаны сол қалпы. Шарбақ та, қора-қопсы да баяғыдай жылы көрінеді. Қораның үстінде әдемі жиналған шөпті көріп Елдардың тиянақтылығы, шаруаға мығымдығы есіне түсті. Расында бұлар мықшындап шөмеле жинай алмай, жинаса оны арбаға сала алмай қиналып жүргенде Елдар бір деммен бір шөмелені арбаның төбесіне тастай салатын. Әрі сонысына мақтанып қой-

### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали  
8 707 851 91 13.

Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев  
8 701 357 66 84.

Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова  
8 705 398 62 83.

Маңғыстау облысы Жазира Әбіл  
8 702 514 54 44.

Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан  
8 701 697 39 86.

Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов  
8 707 721 19 59.  
Шадыяр Мекенбайұлы  
87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов  
8 707 177 80 70.

### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)

«Заң газеті» аптасына 2 рет –  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 8019 дана**  
**Апталық таралым 16 038 дана**

Тапсырыс №17 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын [ZANMEDIA.KZ](http://ZANMEDIA.KZ) сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрілігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31